Алайда бұл институттың тәжірибеге еңгізілгеніне бірнеше жылдар болса да және сәйкес заңнамалық регламентацияның болуы да дауларды шешудің осы бір экзотикалық әдісінің әлі күнге дейін тәжірибеде сенімге ие бола алмағанын, іс жүзінде конфликтілік жағдайларды соттан тыс шеңберде қарау, дауларды сот өндірісіне жеткізбей шешу енгізіле қойған жоқ деп есептейді Д.А. Ширев, К.А. Тасенкова. Оның себептері ретінде қоғамның медиация рәсімінің бар екендігінен хабарсыздығы немесе аз білетіндігі, мамандарды дайындау орталықтарының, мамандандырылған кеңес беру орталықтарының жоқтығы ең басты мәселелер деп көрсетеді. Одан әрі тағы бір шешуін табу керек мәселе ретінде медиация институтына деген халықтың сенімсіздігі. Бұл мәселенің бір бөлігін медиатордың қандай қызмет көрсету түріне ақы төленетіндігін түсіндіретін медиатор қызметінің стандарттары шешуге мүмкіндігі бар. Алайда басқа кәсіп түрлеріндегі сияқты медиация қызметінде де әрқашан жоғары білікті мамандар бола бермейді. Мемлекеттік билік органдары әлі де болса бұл мәселені лицензиялау арқылы ма, әлде өзін-өзі реттейтін медиаторлар ұйымын құру арқылы ма қалай шешетіндігімен анықтала қойған жоқ (Ширев 2018).

Е.В. Лукьянова мен Т.В. Худойкина медиация мәселелерін зерттеу барысында «Ресей судьяларының дауларды шешудің баламалы әдістерінің кеңінен таралмай жатқанын мойындайды дейді. Мұндай жағдайдың бірден-бір

себебі болып, іске қатысушылардың позициясының әлсіздігін көрсетуге мүмкіндік бермейтін этикалық қағида түріндегі бөгеттер табылады деп түсіндіреді (Лукьянова 2014).

М.А. Авдыев Қазақстандағы медиацияның дамуына оң бағасын бере отырып, Ресей Федерациясында медиацияның дамуын медиацияның әлемдік қауымдастығынан отыз жылдай қалып келеді деп есептейді (Авдыев 2012). Кедергі келтіретін факторлар деп мыналарды айтады:

- Ресейдің медиация саласында мемлекеттік реттеу деңгейі төмен және жекелеген ведомстволардың корпоративтік мүдделерін көздейді;

- медиаторларды дайындаудың мемлекеттік бағдарламалары жекелеген оқу орталықтарының мүдделерін көздеп, Ресейдің ерекшеліктерін, оның әлеуметтік институттарын, тарихи тәжірибесін ескермейді;

- сондай-ақ Ресейде медиаторларды дайындаудың қашықтан оқытудың электрондық курстары дамымаған (Авдыев 2012).

Көріп отырғанымыздай Ресейдегі жағдай біздің елдегі медиацияның даму үдерісімен ұқсас, салыстырмалы түрде бір деңгейде. Әлі де болса жетілдіруді, мемлекеттік талап етуді қажет ететін мәселелер көп.

Әр түрлі медиация институттары мен құқықтық жүйедегі елдердің әрқайсысының жетілген тәжірибесін анықтау мақсатында келесі бөлімде Қытай, Грузия, Сингапур тәжірибесін салыстыра отырып Қазақстандағы медиацияның дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтауға болады.

Ең алдымен Қытай мен Қазақстан елдеріндегі медиацияның даму мәселелеріне тоқталар болсақ, Қытай елінде кеңінен тараған конфуций мәдениеті сот әділдігіне жүгіну – дауды шешудің соңғы тәсілі деп есептейді. Қазақ халқының тарихында билер соты болған. Билер тараптардың даулы мәселесін қарап, татуластыру арқылы шешім шығарып отырған және ол шешім тараптардың әрқайсысына міндетті болып табылған. Медиация туралы заңның қабылдануымен дауларды татуластыру арқылы шешудің осы бір тарихи дәстүрі жаңғырды деп айтуға болады. Ал енді медиация көмегімен шешілетін істердің санының артуы бойынша Қытайдан елеулі түрде қалып қойғанбыз. Оның себептерін анықтап көрсек:

Қытайда медиация мәдениеттің бір бөлігі болып есептеледі. Б.з.б. 17-20 ғ Цин династиясы кезеңінде судьялар істі қарамас



бұрын әуелі тараптарды үшінші тұлғалардың көмегімен татуласуға жіберіп отырған. Қытай елінде кеңінен тараған конфуций мәдениеті сот әділдігіне жүгіну – дауды шешудің соңғы тәсілі деп есептейді. ҚХР «Халық медиациясы туралы» Заңына сәйкес «Халық медиациясы – халық медиативті комиссиясы даудағы мүдделі тараптарды тең және ерікті түрдегі келіссөздер негізінде медиативті келісімге жетіп, дауды шешу үдерісі» деп көрсетілген ([https://chinalaw.center/procedure\\_arbitration/china\\_peoples\\_](https://chinalaw.center/procedure_arbitration/china_peoples_)). Бүгінгі таңда ҚХР азаматтық, әкімшілік және коммерциялық дауларды шешу үшін сот медиациясымен қатар соттан тыс медиация да қолданылады.

Сот медиациясы – сот процесі шеңберінде жүзеге асырылады және мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады.

Соттан тыс медиация – тараптардың өздерімен бастама көтеріліп, жеке медиаторлармен жүргізіледі.

Қытайда медиация рәсімі 2008-2010 жылдары қабылданған 3 заңдар арқылы реттеледі. Бұл заңдардың қабылдану мақсаты: азаматтық-құқықтық дауларды әділ және уақытылы шешу, тараптардың заңды мүдделерін сақтау, қоғамдағы тұрақтылық пен үйлесім тұрақтылығына әсер ету болып табылады. Заңға сәйкес еңбек даулары туындаған жағдайда тараптар кез-келген жергілікті орталықтар мен медиация комитеттеріне медиация процедурасына жүгіне алады. Егер тараптар 15 күн ішінде өзара келісімге келе алмаса, онда олар істі сотқа беруге құқылы. Медиация бойынша халық комитеттері құрылып, қала әкімшілігі осындай комитеттердің медиаторларын тәжірибе алмасу мен талдаулар жүргізу үшін сот медиацияларына тарта алады.

Сот медиациясы сот жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, ал оны жүргізу Жоғары соттың «Медиация басымдығы және медиация мен сот өндірісін үйлестіру ұсынысымен реттеледі. Соттар істі қарау барысында медиация жүргізу мүмкіндігін анықтауы қажет. Медиатор ретінде бір уақытта судьяның өзі немесе бірнеше судьялар бола алады. Сондай-ақ басқа медиаторлар да шақырылуы мүмкін. Медиативтік келісімді орындау мақсатында тараптар сотқа келісімді бекіту үшін жүгіне алады. Мұны 30 үн ішінде жасау қажет. Қытайдағы сот медиациясының ерекшелігі, судьялардың жалақысы медиация көмегімен шешілген істердің санына пропорционалды түрде өсіп отырады (Yuwen 2014).

Медиативтік келісімді орындау міндетті, оның кез-келген тарабы орындау үшін сотқа жүгіне алады, ол үшін мемлекеттік баж алынбайды. СИЕТАС – ережесі медиативті келісімді төрелік шешімге теңестіреді – осылайша шетелдік төрелік шешімдерді мойындау және орындау жөніндегі БҰҰ Конвенциясының талаптарын орындап отыр. 2019 ж. 8 тамызында Қытай медиация нәтижесінде қол жеткізілген халықаралық бейбіт келісім жөніндегі БҰҰ Конвенциясына қол қойды. Сондықтан енді халықаралық жеке даулардағы медиативті келісімді міндетті орындау мемлекет заңдарымен бекітілді.

ҚХР «медиация» түсінігі түрлі үдерістерді қамтиды. Онда медиатор судьяның өзі болып табылатын бағалау медиациясы қолданылады. Бағалау медиациясы – медиатор оқиғаны бағалап, белгілі-бір жағдайларда диалог нәтижелеріне әсер ететін, қажет болған жағдайда дауды шешу үшін өз нұсқаларын ұсынатын медиацияның түрі. Алайда соңғы кездері Қытай Үкіметі сот үдерісінен бөлек фасилитативті медиацияны көбірек қолдайды. Бұл медиация түрінде медиатор дауды шешу нұсқаларын ұсынбайды, шешім қабылдауға әсер ету бойынша ғана позиция ұстанады.

Сондай-ақ Қытайда ССРІТ/ССОІС, ВАС Медиация орталығы (Пекин), SCMC (Шанхай коммерциялық медиация Орталығы) тәуелсіз мамандандырылған медиациялық орталықтары қызмет етеді. Сонымен қатар ҚХР медиациялық орталықтары одақтарға біріккен (мысалы, Пекин медиативті одағы). Олардың негізгі мақсаттары: медиацияны алға жетелеу, оны жүргізудің біртұтас ережелерін құру, медиациялық қызмет көрсетуді кәсібилендіру. Медиациялық орталықтар тәуелсіз болғанымен мемлекеттік сот жүйесі оларды белсенді түрде қолдап, қаржыландырып отырады. Бір қызығы, Қытайда медиаторларды дайындайтын қандай-да бір мемлекеттік орган жоқ. Сот жүйесінде судьялар медиация жүргізуге оқытылмайды, өйткені олар қажетті біліктілікке ие деп есептелінеді.

Әр орталық медиаторлардың өз тізімін жүргізеді. Ондағы мамандар жұмысқа тараптармен таңдалып, шақырылады, яғни аталған медиаторлар тұрақты жұмысшы болып табылмайды. Сайттарда медиатор туралы және оның кәсіби қызметі туралы толық ақпараттар көрсетіледі. Әр орталық медиаторларды дайындау бағдарламасын өздігінше анықтайды, бұл сұрақты реттеуші біртұтас орган жоқ. ҚХР әр жыл сайын медиация көмегімен шамамен

9 млн іс шешіледі, бұл өз кезегінде соттарда қарастырылған істердің 30-40% құрайды (<https://weinsteininternational.org/mediation-in-china>).

Медиацияны халыққа танымал ету ісі Қытайда түрлі бейіндік конференциялар, семинарлар, саммиттер арқылы жүргізіледі. Судьялар мұндай шаралардың белсенді қатысушылары болып табылады, яғни Қытайда мемлекет медиацияны қаржылай да, әкімшілік тұрғысынан да қолдап отырғандықтан медиацияның дамуының негізі локомотиві – соттар деп есептеуге болады.

Көріп отырғанымыздай Қытайда медиацияның дамуына мемлекет қаржылай да, әкімшілік тұрғысынан да жан-жақты көмектеседі және медиация рәсімі міндеттелген. Қазақстанда медиацияны мемлекеттік қолдау болғанымен заң бойынша медиациялық рәсім міндеттелмеген.

«Жоғарыдан төменге» басталатын жол өз тиімділігін дәлелдеп отырғанын әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Бұған Сингапур тәжірибесі мысал бола алады.

Сингапурда медиация басқа Оңтүстік Шығыс Азия елдері сияқты терең тамырға ие. Дауларды медиация арқылы шешу Сингапурда ежелден бері жүзеге асырылады. Тарих бойынша медиацияны ақсақалдар жүргізген. Олар тараптарды дауды талқылап, өзара тиімді шешімге келуге шақырып отырған (Joel 2009). Қазіргі Сингапур 20 ғасырдың 90 жылдры басталған медиация институтының қарқынды дамуының нәтижесінде медиацияның әлемдік орталығы болды.

Сингапурдың «Медиация туралы» Заңына сәйкес «Медиация – дауды шешу мақсатында даудың себеп-салдарын анықтау, дауды шешудің мүмкін жолдарын қарастыру, тараптардың бір-бірімен байланысын (қарым-қатынасын) орнату, екеуара келісімге келу әрекеттерін жүзеге асыру үшін дау тараптарына бір немесе бірнеше медиатордың көмекке келу сессияларынан тұратын үдеріс» (<https://www.parliament.gov.sg/docs/default-source/Bills-Introduced/mediation-bill-37-2016>). Сингапурда сот және соттан тыс (жеке) медиация қызмет етеді. Сот медиациясында судья тараптарды медиацияға өздері жібереді. Баланың қатысуымен болатын барлық даулар, сондай-ақ ажырасуға байланысты сұрақтар отбасылық соттарда медиация рәсімі шеңберінде қарастырылады. Түрлі министрліктер мен агенттіктер өз мамандықтары бойынша медиация жүргізеді. 2010 ж. мемлекет азаматтық соттарға өтініш беру кезінде дауларды шешудің баламалы әдісін (әрі қарай ДШБӘ)

пайдалану ережелерін енгізді. Өз кезегінде адвокаттар да, клиенттер де ДШБӘ пайдалану мүмкіндігін қозғағандығы жөнінде жазбаша хабарлауы қажет және ДШБӘ пайдалану жөніндегі шешімді арнайы нысанда көрсетуі қажет. 2012 ж. «ДШБӘ презумпциясы» енгізілді, яғни егер тараптардың бірі немесе бірнешеуі одан бас тартпаса, барлық 00,03,000 азаматтық істер автоматты түрде ДШБӘ қарауына берілді. ДШБӘ пайдаланудан бас тартудың себебі сотты қанағаттандырмаса айыппұл жазасына тартылуы мүмкін.

Медиация Жоғарғы сотта емес бірінші сатыда жүргізіледі. Сондай-ақ Жоғарғы сот жоғарғы сатыдағы сот ретінде судьяларға қандай істерді медиацияға бағыттау керек жөнінде арнайы ұсыныстар жасайды.

Қазақстанда сот медиациясы кезінде судья істі медиация жүргізу үшін басқа судьяға береді. Алайда тараптардың өтініші бойынша іс қай судьяның өндірісінде болса сол судьяның жүргізуіне берілуі мүмкін. Апелляциялық сатыдағы соттарда медиация жүргізу үшін ереже бойынша іс алқалық сот құрамынан бір судьяға беріледі. Судья-медиаторға жүгіну талапкерге дау пәнін өзгертуге құқық береді (аталған ереже экономикалық сот өндірісіне де қатысты).

Сингапурда соттан тыс медиацияны жүзеге асыру тәжірибесін Сингапур медиация орталығы (әрі қарай СМО) мысалында көрсеткен орынды. Ол 1997 ж мемлекеттік орган болып табылатын Сингапур құқық академиясымен құрылған. СМО директоры әрқашан Жоғарғы Соттың судьясы болып табылады. СМО негізгі қызметі:

- Медиация жүргізу және басқа да сүйемелдеу қызметтерін көрсету;
- ДШБӘ, келіссөздерге және тағы басқаларға оқыту;
- Даулы жағдайлардан сақтану үшін консалтингтік қызметтер көрсету;
- Медиаторларды аккредитациялау және тізім жүргізу;
- Медиацияны және басқа да ДШБӘ өрбіту;
- Келіссөздер мен медиация, сондай-ақ басқа да ДШБӘ үшін жағдай жасау.

1997 ж мен 2002 ж кезеңінде Әділет Министрлігі грант негізінде орталыққа қаржылық қызмет көрсетіп отырды. Алайда 2002 ж СМО өзін-өзі қаржыландыруға ауыстырылды.

Өкінішке орай, Қазақстан мұндай мамандандырылған медиативті орталықтардың көптігімен мақтана алмайды.

Сингапурда медиатор болу үшін белгілі-бір талаптар жоқ. Көптеген атақты орталықтар медиаторларды өздері оқытып, аккредиттейді. Қандай-да жалпы мемлекеттік критерийлер жоқ. Әйтседе де ел Үкіметі медиаторларға қатысты бірыңғай стандарттар мен талаптар енгізуді жоспарлауда.

Қазақстанда кәсіби емес медиатор болып 40 жасқа келген тұлғалар мен татуластыру рәсімін жүргізген судьялар бола алады. Ал кәсіби медиаторлар болып жоғары білімі бар, 25 жасқа толған, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіпте медиаторларды дайындау бағдарламасы бойынша оқудан өткендігін растайтын құжаты (сертификаты) бар, кәсіби медиаторлар тізімінде тұрған тұлғалар, сондай-ақ отставкадағы судьялар бола алады. Медиаторларды дайындау үш сатылы оқыту жүйесінен (жалпы медиация курсы – 48 сағат, арнайы медиация курсы – 50 сағат, медиатор-тренерлерді дайындау курсы – 32 сағат) тұрады. Әр ұйым өз кәсіби медиаторлар тізімін жүргізеді. Кәсіби емес медиаторлар тізімін – сәйкес әкім жүргізеді. Кәсіби және кәсіби емес медиаторлар да әр жыл сайын сәйкес ұйымдарға тізімде болу мерзімін ұзарту үшін өтініш жазып отыруы тиіс, олай болмаған жағдайда олар автоматты түрде тізімнен шығып қалады.

Соттық медиациядан басқа Қазақстанда жеке медиация түрі де бар. кейбір ұйымдар 2008 жылдан бастап қызмет ете бастады. Әр медиация орталығы медиаторларға өздері стандарттар орнатып оларды дайындауды жүзеге асырады.

Бастапқыда Сингапурда медиация енді пайда болғанда көпшілігі оған немқұрайлы қарайтын. Адвокаттар өз клиенттеріне медиация рәсімінен өту жөнінде кеңес бере бастауы үшін жылдар өтті. Бұдан басқа сотта тараптарға медиация ерекшелігі түсіндірілетін алдын-ала тыңдау тәжірибесі енгізілді. 1994ж. 1-ші сатыдағы соттарда медиация жүргізу бойынша арнайы пилоттық жоба іске қосылды. Судьялар «судья-медиатор» деп атала бастады. Алғашында судьялар көп жағдайда бағалау медиациясын жүргізді. Кейіннен жылдар өте фасилитативті медиацияға көшті.

2010 ж. медиация рәсіміне қатысудан себепсіз бас тартқаны үшін санкция қолдану тәжірибесі енгізілді; барлық азаматтық даулар ДШБӘ (басым көпшілігі медиация) міндетті қолдану керек болды. Сондай-ақ медиацияны қолданудан негізсіз бас тартқаны үшін сот мемлекеттік бажды азайтудан бас тартуы мүмкін. Осындай ша-

ралар арқасында медиация саны екі есеге артты. Мысалы, 2018 ж. 6 мың азаматтық даулар медиация көмегімен шешілді, оның 85% орындалды. Осы жерде медиация судьялармен ақысыз жүргізілетінін айта кету керек.

Сингапурдың Бас прокуратурасы дауларды шешудің алғашқы тәсілі ретінде медиацияны барлық үкіметтік ведомстволарға қолдануға және дауларды СМО беру жөніндегі медиативті келісімді мемлекеттік органдардың қатысуымен болатын барлық контрактілерге енгізуге міндеттейтін Ұсыныс дайындады.

Барлық еңбек даулары да міндетті түрде медиация рәсімінен өтіп барып қана келісімге келу мүмкін болмаған жағдайда дауларды шешу жөніндегі комиссияға жөнелтілуі мүмкін. 2016 ж. Сингапурда заңгерлерге клиенттерді ДШБӘ қолдану мүмкіндігі жөнінде хабардар етуді міндеттейтін заң күшіне енді. Балаға қатысы бар барлық даулар міндетті түрде медиация рәсімін өтуі тиіс. Сондай-ақ ажырасу барысында жұбайларда 21 жасқа дейінгі балалары болған жағдайда медиация рәсімі міндетті. Мұндай жағдайларда медиация сотта (ақысыз), сонымен қатар жеке орталықтарда (ақылы) жүргізілуі мүмкін.

Қазақстанда жоғарыда айтып өткеніміздей медиация рәсімі тараптарға міндеттелмейді. Егер заңдарға өзгеріс енгізіп, татуласу рәсімі міндеттелер болса отбасына соның ішінде ажырасуға байланысты мәселелер өз шешімін табар еді деп ойлаймыз. Өйткені сарапшылардың есебінше, Қазақстанда әр сағат сайын алты неке бұзылады екен. Ажырасу жөнінен әлемде алдыңғы ондыққа енеді екен. Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде Ranking.kz мамандары дайындаған есепке сәйкес, 2020 жылы Қазақстанда 128,8 мың неке қиылған, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 7,6 пайызға аз. Ал бір жыл ішінде ажырасқан отбасылар саны 22,5 мыңды құраған (<https://egemen.kz/article/270254-qazaqstanda-pandemiya-kezinde-qansha-dgup-adgyrasqan>).

Салыстырмалы-құқықтық талдау көрсетіп отырғанындай «жоғарыдан төменге» реформасын жүргізу медиацияның басымдықтарын биліктің барлық тармақтары деңгейінде анықталуына мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасындағы медиацияның дамуының маңызды бағыты болып құқықтану өкілдерінің ойлау әдістерін өзгерту табылады. Ал мұндай тәжірибелік мәселені шешу үшін дауларды шешудің балама әдістері туралы көзқарастарды

қалыптастыру талап етіледі. Дауларды медиация, келіссөздер арқылы шешуге ниет білдіруге басымдылық болуы керек.

Ортағасырлық тарихи құжаттар, Германияда медиацияның тұрмыстық дауларда ғана емес, сондай-ақ мемлекетаралық сипаттағы дауларда да дамығанын көрсетеді. Мысалы, Алвис Контарини б.з. 16 ғ. екі неміс жерлерінің арасындағы территориялық шиеленісті шешу үшін медиатор ретінде сайланған. Соған байланысты дауларды бейбіт түрде шешу неміс мәдениетіне тән деген қорытындыға келуге болады.

«Медиация туралы» неміс Заңына сәйкес «медиация – тараптар бір немесе одан көп медиаторлар көмегімен, өз еркімен және өз жауапкершілігімен дауларды бейбіт түрде шешуге келетін құпия және құрылымдық рәсім» деп сипатталған (<https://www.in-mediation.eu/en/mediation-en>).

Германияда медиацияны енгізу соттардағы пилоттық жобалардан бастау алады. 1999 ж. 750 еуродан төмен суммадағы талаптар үшін міндетті медиация енгізілді, іс медиациялық рәсімнен өтпесе, сот оны қараудан бас тартты. 2001 ж. бұл норма өзгертілді, және судьяларды тараптардың ДШБӘ пайдалануды ұсынуды міндеттеді. Мысалы, сот қарауына бір іс түсті, судья тараптарға медиация рәсімін жүргізуді ұсынды, олар келісті. Бұл жағдайда судья істі кәсіби медиаторлар болып табылатын әріптесіне береді. Егер тараптар келісімге келе алмаса, онда іс бойынша сот өндірісі қайта қаралады. Әрі қарай Германияда жаңа лауазым «гутерихтер» – ДШБӘ айналысатын адам пайда болады. Осылайша неміс заң шығарушысы медиативті қызмет пен тараптарды татуластыру бойынша судьялар жұмысын ресми түрде бөлді.

Бүгінгі таңда Германияда сот және соттан тыс (жеке) медиация бар. Алайда «Медиация туралы» Заңға сәйкес медиативті техника мен рәсімдерді пайдалану бойынша судьялардың қызметі медиация болып табылмайды. Судьялар медиация жүргізген реттерде тараптар оның жұмысына ақы төлемейді, өйткені сот шығындарына қосылған.

Мысалы, Баварияда сот медиациясы арқылы барлық сот істері 2% жуығы медиация рәсімі арқылы – 40000 дауға жуығы шешілген. Салыстыру үшін: азамат дауларының көлемі осы жылы 1,08 млн (<https://sud.uz/wp-content/uploads/2020/06/%D0%9C%D0%B5%D0%B4%D0%B8%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F-1.pdf>).

Сонымен қатар Германияда сот медиациясымен қатар жеке медиация да жақсы дамыған.

Алайда мұндай ұйымдар әдетте тек медиациямен ғана айналыспайды, олар көбінесе қандай да бірлестіктер жанында қызмет етеді (Мысалы, Халықаралық сауда палатасының ИСС жанында).

Медиация көмегімен шешілетін ең көп таралған даулар отбасылық, мұрагерлік және коммерциялық болып табылады. Германиядағы медиацияның дамуында жетекші рөлді отбасылық даулар алды. Сондай-ақ медиация заңнамалық реттеусіз дамыды, бұл қатынастар орнатылып дамығаннан кейін барып қана заңмен бекітілді.

Арнайы заң білімі бар заңгерлерден басқалары заң кеңесін бере алмайды. Сондықтан егер медиатор заңгер болмаса онда ол заңгер – медиатордың қатысуымен бірлескен медиация өткізуі тиіс. Медиатор болып 120 сағат оқытудан өткен тұлғалар ғана бола алады. Сондай-ақ сертификатталған медиатор 4 жыл ішінде 40 сағаттық біліктілік көтеру курсынан өтуі тиіс. Қазіргі уақытта Германияда медиативті қызметпен айналысу үшін қандай да мемлекеттік немесе басқа да нормативті талаптар жоқ. Соған байланысты адвокаттардан басқа кез-келген тұлға өзін медиатор деп атауына болады. Сондай-ақ медиаторлардың қандай да бір ұйымда міндетті аккредитация талабы жоқ. Ал заң кәсібі өкілдеріне қатысты басқа ережелер бар. Адвокат өзін медиатор ретінде тек қана медиация саласында білім алған жағдайда ғана айтуға болады (Федералды адвокаттар қауымдастығы Кәсіби практикасы Ережесі, 7 а – бөлімі) (<https://sud.uz/wp-content/uploads/2020/06/%D0%9C%D0%B5%D0%B4%D0%B8%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F-1.pdf>).

Сертификатталған медиатор өз қызметін жарнамалауға құқылы. Медиатордың әр ұйымы сертификаттау үшін өз біліктілік стандарттарын белгілеуге құқылы. (көптеген ұйымдар 200 сағат дайындықты көздейтін стандарттарға ие).

Сондай-ақ медиацияны дамыту үшін түрлі жеңілдіктер енгізілді. Сот медиациясында егер тараптар келісімге қол жеткізсе, төленген баждың 2/3 қайтарылуға жатады, ал төменгі Саксонияда баж толығымен қайтарылады. Жеке медиацияда сомма талап соммасына қарай анықталады.

Грузияда ертеде «бче», яғни судья дегенді білдіретін термин болған, ол Вахтанг VI кезінде бче медиация шеңберінде бағаланатын болды (Сургуладзе 1952). Вахтанг VI «Құқық кітабы» 136 б. «Егер екі адамның арасында дау туында-

са, ол судьяға баруы керек, алайда, егер тараптар король, патриарх, митрополит немесе судьяның алдына барғысы келмесе, онда олар бір адамды дауды шешіп беруі үшін таңдауына болады. Олар сол адамға дау туралы оның шешімін қабылдайтынын айта отырып жүгінеді. Мұндай адам делдал болып табылады (Ониани 2013).

Грузияда «Медиация туралы» Заң 2019 ж. ғана қабылдағанын айта кеткен жөн. Аталған заңға сәйкес: «Медиация – екі немесе бірнеше тараптың медиатордың көмегімен дауды өзара келісіммен тоқтатуға ұмтылатын үдеріс. Бұл үдеріс тараптың бастамасымен басталса да немесе заңмен белгіленген негіздер мен тәртіпте басталса да» (<https://matsne.gov.ge/ru/document/view/4646868?publication=2>). Мұндай анықтама БҰҰ – медиация нәтижесінде жеткен халықаралық бейбіт келісім туралы Конвенцияда берілген анықтамамен үндеседі.

Бүгінгі таңда Грузияда сот және соттан тыс медиация бар. Соттан тыс медиация мемлекеттік органдар (енбек, нотариалды медиация) немесе жеке медиациялық орталықтар жүзеге асыратындар деп бөлінеді.

Сот медиациясы 2013 ж. енгізілді. Ол азаматтық құқықтық дауларды ғана қамтиды. Судья тараптың келісімімен немесе мәжбүрлі түрде дауды медиацияға жібере алады, егер бұл даулар отбасылық мәселеге (бала асырап алу, ата аналық құқықтан айыру, әйелге қатысты күш қолдану және т.б.) мұрагерлерлік даулар және көршілер арасындағы дауларға қатысты болса.

Медиация рәсімін жүргізгеннен кейін тараптардың медиативтік келісімді бекіту үшін сотқа жүгінуіне құқығы бар. Медиативтік келісім мәжбүрлі түрде орындалуы мүмкін. Құпиялық мәселелері де Грузияның заңнамасымен жеткілікті түрде реттелген. Мысалы, медиативтік үдеріс қатысушылары медиация кезінде белгілі болған ақпараттар бойынша сотқа жауап алуға шақырылмайды. Медиация мемлекеттік мекеме болып табылады. Сот медиативті орталығымен жүргізіледі.

2014 ж. еңбек дауларын қарау тәжірибесі енгізілді. Медиаторлардың жалақысы мемлекетпен төленіп, рәсімінің өзі 21 күнге созылды. Сонымен қатар Грузияның Нотариалды Палатасы нотариус қызметіне медиацияны енгізген болатын, алайда бұл бастама жеткілікті түрде қолдау таба қоймады.

Грузияда жеке медиация орталықтары белсенді даму үстінде. Мемлекетте медиацияның

пайда болуының негізі ретінде болған түрлі донорлық жобалармен қатар, медиативті орталықтар да пайда болып жатыр. 2015 ж. 200-ден аса маманы бар Грузия медиаторлар Қауымдастығының негізі қаланды. Бұл қауымдастық медиаторлардың этикалық нормаларын, жүріс-тұрыс ережелерін және тағы басқаларын өздері бекітеді.

Медиация туралы заң қабылданғанға дейін бұл ережелер Қауымдастықтың мүше-медиаторлары үшін негізгі қайнар көз болып табылды, енді медиаторлар заң нормаларын басшылыққа алуы тиіс.

Медиаторлар реестріне кез-келген, алдын сотталмаған, Грузия медиаторлар қауымдастығында 40 сағаттық дайындық курсынан өткен тұлға енуі мүмкін. (Алдын медиаторларды CEDR сияқты атақты шетелдік компаниялардың сарапшылары оқытатын). Аталған ұйым медиаторларды дайындау, біліктілігін көтеру және сертификаттаумен айналысады.

Сот медиациясында тараптар реестрден 3 күн ішінде медиаторды таңдауға міндетті. Егер олар бұл уақытта келісімге келмейтін болса, Грузияның медиаторлар Қауымдастығы 3 күннен кейін медиаторды өздері тағайындайды.

Жеке медиацияда медиатор ретінде тараптармен белгіленген кез-келген тұлға бола алады. (реестрде бар жоғына қарамай)

Бір қызығы сот медиациясы нәтижесінде немесе медиаторлар реестріне енген медиаторлардың көмегі нәтижесінде жеткен медиативті келісім сотпен бекітілуі тиіс, сәйкесінше міндетті орындалуға жатады.

Реестрге енген медиатордың көмегімен жасалған медиативтік келісім әдеттегі шарт сияқты орындалуға жатады және сотқа жүгінгенде де солай қарастырылады.

Грузияда медиация

- әділет Министрлігі мен Жоғарғы сот арасындағы одақтастыққа;
- ведомство жұмысшыларына олардың әрі қарай медиаторлар дайындауы үшін түрлі тренингтер өткізу;
- сәйкес заңдар мен заңға сәйкес актілер қабылдау
- медиацияның оң жақтарын көрсететін пилоттық жобалар;
- медиация туралы ақпаратты кеңінен тарату;
- жеке медиациялық орталықтар құру нәтижесінде сәтті енгізілді деп есептеуге болады.

## Талқылау және нәтижелер

Қазақстандағы медиацияның дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының медиация туралы қазақстандықтар не білетіндігі туралы жүргізген әлеуметтанулық сауалнаманың нәтижелері болып табылады (<https://kisi.kz/?blogs=%D0%BC%D0%B5>). Сауалнамаға сот жүйесімен тікелей немесе жанама өзара әрекеттесу тәжірибесі бар респонденттер қатысқан. Сауалнама әдісі – маршруттық квоталық іріктеме негізінде тұрғылықты мекенжайы бойынша респондентпен сұхбат негізінде өткізілген. Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 53 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі 18 жас және одан асқан 1200 респондент.

Сауалнамадағы сұрақтардың негізгі мақсаты қазақстандықтар медиация туралы не білетіндігін анықтау. Сауалнамаға қатысушылардың жартысына жуығы 45,3 %-ы дауларды медиациялық шешу әдісі туралы білмейді, 38,8 %-ы бұл тәсіл түрін білетіндігі жөнінде айтады. Сауалнамаға қатысқандардың 15,9%-ы медиатордың қызметін пайдаланғандар бол-

ды. Сондай-ақ, дауды шешудің қандай түрін таңдайсыз деген сұраққа респонденттердің басым бөлігі қажет болған жағдайда дауды шешу үшін сотқа жүгінуді қалайтындар – 46,8% құрады. Екінші тараппен жеке келісуге тырысамын деп жауап бергендер 34,6 %, медиаторға жүгінемін 15,9 %, жауап беруге қиналамын 2,7 % екені анықталған.

Зерттеу нәтижелері бойынша сауалнама қатысқан респонденттердің жартысына жуығы 45,3 % -ы медиация рәсімінен бейхабар екендігі анықталды. Сәйкесінше С.Ю. Романовская, М.С. Раева, М.К. Сүлейменов жеке және заңды тұлғалардың медиация және оның артықшылығы туралы нашар хабардарлығы, сәкесінше дауды шешу үшін сотқа жүгінуді қалайтындардың медиацияға деген сенімсіздігі туралы пікірлері (<https://articlekz.com/article/magazine/128>, [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=316446](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=316446)) жүргізілген сауалнама нәтижелерінен көрініс тапты. Бұл сауалнама нәтижесінен Қазақстандағы дауды шешудің баламалы әдісі ретінде медиацияның дамуына кедергі келтіретін бірінші фактор ол медиация туралы халықтың хабарының жоқтығы яғни ақпараттың дұрыс жетпеуі деп айтуға болады.

1-кесте – Зерттелген мемлекеттер арасында медиацияның кеңінен қолдануына әсер еткен негізгі факторлар

Факторлар	ҚХР	Сингапур	Германия	Грузия	Қазақстан
1	2	3	4	5	6
<b>Мемлекеттік қолдау</b>					
Мемлекеттік органдармен жүргізілетін медиацияның болуы	+	+	-	+	+
Медиаторларды мемлекеттік органдардың оқытуы	+	-	-	-	-
Мемлекетпен қаржыландырылатын медиация орталықтарының құрылуы	-	+	-	-	-
<b>Донорлық ұйымдар тарапынан көмек көрсету соның ішінде қаржылай</b>					
Шетелдік донорлар қаржыландыратын пилоттық жобалардың болуы	-	-	-	+	+
<b>Соттар мен судьялардың тартылуы</b>					
Медиативті келісімді бекіту және оның міндетті орындалуы	+	+	+	+	+
Сот медиациясының болуы	+	+	+	+	+
Жекелеген санаттағы істер үшін «Алдымен медиация» қағидасы	+	+	+	+	+
<b>Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тартылуы</b>					
Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының медиацияның жекелеген түрлерін өткізу күзінреті бар	+	-	-	-	+
Дауларды шешу үшін медиацияны таңдайтын тұлғалар үшін ынталандыру шаралары	+	+	+	+	+
Медиация нәтижесінде қол жеткізілген келісімді орындаудан бас тартқан тұлғаларға қатысты санкциялар	-	+	+	+	+
1	2	3	4	5	6

1	2	3	4	5	6
<b>Танымал ету шаралары</b>					
Медиация өткізу бойынша судьялардың ұсынысы	+	+	+	+	+
Түрлі конференциялар өткізу	+	+	+	+	+
Мемлекеттік баж салығын қайтару	+	+	+	+	+

## Қорытынды

Жоғарыда ғалымдардың келтірген уәждерін, сондай-ақ өзге мемлекеттердің тәжірибесімен салыстыра, талдай келе Қазақстандағы медиацияның дамуына кедергі келтіретін факторлар деп мыналарды атауға болады:

- Жеке және заңды тұлғалардың медиация және оның артықшылығы туралы нашар хабардарлығы;
- Заңдардағы олқылықтар, соттарда татуластыру рәсімін кеңінен қолданудың міндеттелмеуі, әсіресе еңбек және отбасылық дауларды шешуде;
- Бұл жаңа құқықтық институтқа деген халықтың сенімсіздігі.

## Әдебиеттер

- Авдыев М.А. Развитие института медиации в условиях социальной модернизации Казахстана // Состояние и перспективы развития института медиации в условиях социальной модернизации Казахстана: Материалы международной научно-практической конференции 19 октября 2012 года. – Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2012 – С. 23-28.
- Грефин фон Шлиффен К. Вегман Б. Медиация в нотариальной практике (альтернативные способы разрешения конфликтов). Перевод с нем. Трушников С.С. – Wolters Kluwer, 2005. – 372 с. – (библиотека нотариуса). – ISBN: 3-425-24584-5 (нем), 5-466-00069-8 (в пер).
- Дячук М.И. Развитие института медиации в Республике Казахстан // Вестник института законодательства и правовой информации РК. – 2021. №1 (64). – С. 56-62.
- Joel Lee and Teh Hwee Hwee, eds, An Asian Perspective on Mediation, Academy Publishing 2009, at pp. 10-11.
- Закон КНР «О народной медиации» принят 28 августа 2010 г. на 16-м заседании Постоянного комитета Всекитайского собрания народных представителей КНР 11-го созыва, опубликован и применяется с 1 января 2011 // [https://chinalaw.center/procedure\\_arbitration/china\\_peoples\\_mediation\\_law\\_2010\\_russian/](https://chinalaw.center/procedure_arbitration/china_peoples_mediation_law_2010_russian/)
- Закон Грузии О медиации // <https://matsne.gov.ge/ru/document/view/4646868?publication=2>
- И. Сургуладзе, For the History of the Georgian State and Law, Тбилиси, 1952, 347 с.
- Исмаилова Р. Обзор практики внедрения медиации в 5 ведущих странах по АМРС по рейтингу «Ведение бизнеса» // <https://sud.uz/wp-content/uploads/2020/06/%D0%9C%D0%B5%D0%B4%D0%B8%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F-1.pdf>
- Қазақстанда пандемия кезінде қанша жүп ажырасқан? // <https://egemen.kz/article/270254-qazaqstanda-pandemiya-kezinde-qansha-dgur-adgyrasqan?>
- Лукьянова Е.В., Худойкина Т.В. Проблемы реализации медиации в России // Огарев: Online, 2014. – С. 1-5.
- Медиация туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z110000401#z20>
- Медиация туралы қазақстандықтар не біледі // <https://kisi.kz/?blogs=%D0%BC%D0%B5%D0%B4%D0%B8%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F-%D1%82%D1%83%D1%80%D0%B0%D0%BB%D1%8B>
- Mediation Bill // <https://www.parliament.gov.sg/docs/default-source/Bills-Introduced/mediation-bill-37-2016.Pdf>
- Mediation Efficient Dispute Resolution // <https://www.in-mediation.eu/en/mediation-en>
- Нұржанова А.Қ., Серікова Л.С. Қазақстанда медиация институтын дамытудың ерекшеліктері // Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2018. – №5(180) – 33-38 бб.
- Панасюк А.М. Участие адвоката в урегулировании юридических споров посредством медиации: Автореф. дис. канд. юрид. наук. – М., 2011. – 30 с.
- Раева М.С., Каирова Н.И. Медиация в Республике Казахстан: проблемы и перспективы развития // <https://articlekz.com/article/magazine/128>
- Романовская С.Ю. Практические аспекты применения нормативной правовой базы в сфере медиации // Состояние и перспективы развития института медиации в условиях социальной модернизации Казахстана: Материалы международной научно-практической конференции 19 октября 2012 года – Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2012 – С. 18-22.
- Sander F. Dispute Resolution Within and Outside the Courts: an Overview of the U.S. Experience // Attorneys General and New Methods of Dispute Resolution. National Association of Attorneys General and ABA. – 1990. – Pp. 20-31.
- Сулейменов М.К. Развитие медиации как альтернативного способа разрешения споров // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31644604&pos=6;-106#pos=6;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31644604&pos=6;-106#pos=6;-106)

Ониани С., “For the Purposes of the Term “Judge” in the Old Law of Georgia” // Law Journal of TSU Law Faculty. – No2, 2013. – С. 16-17.

Тоқаев Қ.К. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі/ Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2020. – 1 қыркүйек.

From the Traditional to the Modern: Mediation in China // <https://weinsteininternational.org/mediation-in-china/>

Short History of Mediation. – <https://cfmediation.com/a-short-history-of-mediation>.

Ширёв Д.А., Тасёноква К.А. К вопросу о правовом регулировании института медиации в Российской Федерации и Сингапуре. Сравнительно-правовой анализ // Закон и право. – 2018. – С. 25-36.

Yuwen Li, The Judicial System and Reform in Post-Mao China: Stumbling Towards Justice (The Rule of Law in China and Comparative Perspectives) Routledge Press, 2014, Chapter 5, p. 239.

## References

Avdiev M.A. Razvitie instituta mediatsii v usloviyah social'noj modernizatsii Kazahstana// Sostoyanie i perspektivy razvitiya instituta mediatsii v usloviyah social'noj modernizatsii Kazahstana: Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferentsii 19 oktyabrya 2012 goda [Development of the mediation institute in the conditions of social modernization of Kazakhstan// The state and prospects of development of the Institute of Mediation in the conditions of social modernization of Kazakhstan: Materials of the international scientific and practical conference on October 19, 2012] – Astana: State Institution “Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan”, 2012. – Pp. 23-28 .

Grefin von Schlieffen K. Wegman B. Mediatsiya v notarial'noj praktike (al'ternativnye sposoby razresheniya konfliktov). Perevod s nem. Trushnikova S.S. [Mediation in notary practice (alternative ways of conflict resolution). Translated from German] – Wolters Kluwer, 2005. – 372 p. – (library of a notary). – ISBN: 3-425-24584-5 (German), 5-466-00069-8 (trans.).

Dyachuk M.I. Razvitie instituta mediatsii v Respublike Kazahstan [Development of the Institute of Mediation in the Republic of Kazakhstan // Bulletin of the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan] // Vestnik instituta zakonodatel'stva i pravovoj informatsii RK. – 2021. No. 1 (64). – S. 56-62.

Joel Lee and Teh Hwee Hwee, eds, An Asian Perspective on Mediation, Academy Publishing 2009, at pp. 10-11.

Zakon KNR «O narodnoj mediatsii» prinyat 28 avgusta 2010 g. na 16-m zasedanii Postoyannogo komiteta Vsekitajnskogo sobraniya narodnykh predstavitelej KNR 11-go sozyva, opublikovan i primenyaetsya s 1 yanvarya 2011 [The Law of the People's Republic of China “On People's Mediation” was adopted on August 28, 2010 at the 16th meeting of the Standing Committee of the National People's Congress of the People's Republic of China of the 11th convocation, published and applied from January 1, 2011] // [https://chinalaw.center/procedure\\_arbitration/china\\_peoples\\_mediation\\_law\\_2010\\_english](https://chinalaw.center/procedure_arbitration/china_peoples_mediation_law_2010_english)

Zakon Gruzii O mediatsii [The Law Of Georgia On Mediation] // <https://matsne.gov.ge/ru/document/view/4646868?publication=2> Surguladze, For the History of the Georgian State and Law, Tbilisi, 1952, p. 347.

Ismailova R. Obzor praktiki vnedreniya mediatsii v 5 vedushchih stranah po AMRS po rejtingu «Vedenie biznesa» [Review of the practice of mediation implementation in 5 leading countries according to the AMRS rating “Doing business”] // <https://sud.uz/wp-content/uploads/2020/06/%D0%9C%D0%B5%D0%B4%D0%B8%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F-1.pdf>

Qazaqstanda pandemia kezinde qanşa jüp ajyrasqan? [How many couples divorced during the pandemic in Kazakhstan?] // <https://egemen.kz/article/270254-qazaqstanda-pandemiya-kezinde-qansha-dgup-adgyrasqan?>

Lukyanova E.V., Khudoykina T.V. Problemy realizatsii mediatsii v Rossii [Problems of mediation implementation in Russia] // Ogarev: Online, 2014. – Pp. 1-5.

Mediatsiya turaly Kazahstan Respublikasynyn 2011 jylgy 28 qantardagy № 401-IV Zany [Law of the Republic of Kazakhstan on Mediation dated January] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401#z20>

Mediasia turaly qazaqstandyqtar ne bileді [What Kazahstanis know about mediation] // <https://kisi.kz/?blogs=%D0%BC%D0%B5%D0%B4%D0%B8%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F-%D1%82%D1%83%D1%80%D0%B0%D0%BB%D1%8B>

Mediation Bill // <https://www.parliament.gov.sg/docs/default-source/Bills-Introduced/mediation-bill-37-2016>. PDF

Mediation Efficient Dispute Resolution // <https://www.in-mediation.eu/en/mediation-en>

Nurzhanova A.K., Serikova L.S. Kazahstan da mediatsiya institutyn damytudyn erekshelikteri [features of the development of the Institute of mediation in Kazakhstan] // Karagandy universitetinin habarshysy. – 2018. –№5(180) – Pp.33-38.

Panasyuk A.M. Uchastie advokata v uregulirovaniy yuridicheskikh sporov posredstvom mediatsii: Avtoref. dis. kand. yurid. nauk. [Participation of lawyers in the treatment of legal issues in the media: abstract. dis. Kand. Jurid. Nauk]. – M., 2011. – 30 p.

Raeva M.S. Kairova N.I Mediatsiya v Respublike Kazahstan: problemy i perspektivy razvitiya [Mediation in the Republic of Kazakhstan: problems and prospects of development] // <https://articlekz.com/article/magazine/128>

Romanovskaya S.Yu. Prakticheskie aspekty primeneniya normativnoj pravovoj bazy v sfere mediatsii [Practical aspects of the introduction of the standard law base in the sphere of media] // Sostoyanie i perspektivy razvitiya instituta mediatsii v usloviyah social'noj modernizatsii Kazahstana: Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferentsii 19 oktyabrya 2012 goda – Astana: State Institution “Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan”, 2012 – Pp. 18- 22.

Sander F. Dispute Resolution Within and Outside the Courts: an Overview of the U.S. Experience // Attorneys General and New Methods of Dispute Resolution. National Association of Attorneys General and ABA. – 1990. – Pp. 20-31.

Suleimenov M.K. Razvitie mediatsii kak al'ternativnogo sposoba razresheniya sporov [Development of media as an alternative topic for the development of sports] // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31644604&pos=6;-106#pos=6;-106](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31644604&pos=6;-106#pos=6;-106)



S. Oniani, “For the Purposes of the Term “Judge” in the Old Law of Georgia”, Law Journal of TSU Law Faculty, No2, 2013, pp. 16-17.

Tokaev K.K. Zhana zhagdaidagy Kazakhstan: is-qimyl kezen/ Kazakhstan halkyna Zholdauy [Kazakhstan in the new conditions: period of action/ address to the people of Kazakhstan] // Yegemen Kazakhstan. – 2020. – 1 qirkuyek.

From the Traditional to the Modern: Mediation in China // <https://weinsteininternational.org/mediation-in-china/>

Short History of Mediation. – <https://cfmediation.com/a-short-history-of-mediation>.

Shirev D. A., Tsenkova K. A. K voprosu o pravovom regulirovanii instituta mediatsii v Rossijskoj Federacii i Singapure. Sravnitel'no-pravovoj analiz [On the law on regulation of the Institute of media in the Russian Federation and Singapore. Comparative Law Analysis] // Zakon i pravo. 2018. – S. 25-36.

Yuwen Li, The Judicial System and Reform in Post-Mao China: Stumbling Towards Justice (The Rule of Law in China and Comparative Perspectives) Routledge Press, 2014, Chapter 5, p. 239.

Т.Б. Жумагазин<sup>1\*</sup>, О.Н. Тлепбергенов<sup>1</sup>, Н.И. Каирова<sup>2</sup>,  
М.Т. Досумбекова<sup>1</sup>, М.У. Досанов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан, Ақтөбе қ.

\*e-mail: t.b.zhumagazin@gmail.com

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ – СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ АЛАҢЫ

Мақалада сыбайлас жемқорлықты жоюдың жаңа жолдарын іздеу мақсатында шенеунік үшін ғана емес, қоғамның басқа мүшелері үшін де мінез-құлық стандарттарын анықтау ұсынылған.

Зерттеудің негізгі идеясы – сыбайлас жемқорлықпен мемлекеттік қызметкер деңгейінде емес, сыбайлас жемқорлық ұғымы енді бастаған кезінде, жас адамның санасы қалыптасу кезеңінде күресу ұсынылады. Яғни, еліміздің білім беру мекемелеріне барлық күш-жігерді бағыттау ұсынылады. Авторлардың пікірінше, дәл осы жерде адам санасының қалыптасуына әлі де әсер етуге болады. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға аса назар аудару керек екені көрсетілген.

Аталған мәселеге жауап іздеу барысында мақала авторы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасын, саяси шешімдерін, сондай-ақ шетелдік озық тәжірибелерді зерделеген.

Мақалада байқалғандай, 2015 жылғы Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы 14 іс-қимыл шарасы көрсетілген, бірақ олардың 13-і мемлекеттік қызметкерлерді бақылау, кейбір әрекеттеріне тыйым салу мен шектеулер енгізуге бағытталған, ал тек қана бір іс-шара жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық қалыптастыруға арналған.

Автордың ойынша, оқытушылар мен студенттер арасындағы қарым-қатынас құқық саласының шеңберінен тыс қалған. Мұғалімнің іс-әрекетін шектейтін, оқушылармен бейресми қарым-қатынасқа жауапкершілік жүктейтін тыйым салатын норманың жоқтығы, сондай-ақ мұғалімдерді жауапкершілікке тартудың құқық қолдану тәжірибесінің жоқтығы дәлел ретінде келтірілген.

Осы орайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің ресейлік тәжірибесі көрсетілген. Атап айтқанда, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы үшін сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін қылмыстық жауапкершілік басқа мемлекеттік тұлғалармен қатар туындайды. Ресейлік заң шығарушы және құқық қолдану тәжірибесі университет оқытушыларын жемқорлық қылмыстардың субъектілері ретінде таниды. Яғни, университет оқытушылары студенттерден емтихан қабылдағаны үшін сыйлық немесе ақшалай қаражат алса пара алу бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика» кафедрасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздері» пәні аясында студенттердің шығармашылық қабілеттерін, зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған инновациялық технологиялар мен соңғы оқыту әдістерін пайдалана отырып, университеттің бірінші курс студенттері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта үздік бейнеролик байқауы өткізілгені туралы айтылған. Мұндай байқауды жыл сайын өткізуді университет дәстүріне енгізу туралы шешім қабылданған екен.

**Түйін сөздер:** сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру; оқытушылар мен студенттер арасындағы қарым-қатынас.

T.B. Zhumagazin<sup>1\*</sup>, O.N. Tlepbergenov<sup>1</sup>, N.I. Kairova<sup>2</sup>, M.T. Dosumbekova<sup>1</sup>, M.U. Dosanov<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi KazNU, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Aktobe Regional University named after K.Zhubanov, Kazakhstan, Aktobe

\*e-mail: t.b.zhumagazin@gmail.com

### Higher education is the main platform for combating corruption

The article proposes to define standards of conduct not only for the official, but also for other members of society in order to find new ways to eliminate corruption.

The main idea of the study is to fight corruption not at the level of a civil servant, but at a time when the concept of corruption is still in its infancy, at the stage of formation of young people's consciousness.

That is, it is recommended to focus all efforts on educational institutions of the country. According to the author, this is where the formation of human consciousness can still be influenced. It is also noted that special attention should be paid to the formation of an anti-corruption culture.

In search of an answer to this question, the author studied the legislation of the Republic of Kazakhstan on anti-corruption, political decisions, as well as foreign best practices.

According to the article, the Anti-Corruption Law of the Republic of Kazakhstan of 2015 contains 14 anti-corruption measures, but their 13th is aimed at controlling, prohibiting and restricting certain actions of civil servants, and only one measure aimed at creating anti-corruption behavior among young people.

According to the author, the relationship between teachers and students is beyond the scope of law. Evidence of this is the lack of a restrictive norm that restricts teacher activities and imposes liability on informal interactions with students, as well as a lack of law enforcement practice to hold teachers accountable.

In this regard, the Russian experience in the fight against corruption is presented. In particular, criminal liability for corruption for the teaching staff of the university arises along with other government officials. Russian legislature and law enforcement practice recognize university professors as subjects of corruption. That is, university teachers are criminally liable for bribery if they receive a gift or money from students for taking an exam.

Department of Criminal Law, Criminal Procedure and Criminalistics of Al-Farabi Kazakh National University in the framework of the discipline «Legal framework of anti-corruption» The competition for the best video on anti-corruption was held among the students of the course. It was decided to hold such an annual competition in the tradition of the university.

**Key words:** anti-corruption; formation of an anti-corruption culture; relationship between teachers and students.

Т.Б. Жумагазин<sup>1\*</sup>, О.Н. Тлепбергенов<sup>1</sup>, Н.И. Каирова<sup>2</sup>, М.Т. Досумбекова<sup>1</sup>, М.У. Досанов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Казахстан, г. Актюбе

\*e-mail: t.b.zhumagazin@gmail.com

### **Высшее учебное заведение как основная платформа для противодействия коррупции**

В статье предлагается определить нормы поведения не только должностного лица, но и других членов общества с целью поиска новых путей противодействия коррупции.

Основная идея исследования заключается в том, что борьбу с коррупцией вести не на уровне государственного служащего, а тогда, когда коррупция находится еще в зачаточном состоянии, на этапе формирования сознания молодежи. То есть рекомендуется сосредоточить все усилия на учебных заведениях страны. По мнению авторов, именно здесь еще можно повлиять на формирование человеческого сознания. Также отмечается, что особое внимание следует уделить формированию антикоррупционной культуры.

В поисках ответа изучено законодательство Республики Казахстан о противодействии коррупции, политические решения, а также передовой зарубежный опыт.

Закон Республики Казахстан «О противодействии коррупции» от 2015 года содержит 14 мер противодействия коррупции, но 13 из них направлены на контроль, запрещение и ограничение определенных действий государственных служащих, и только одна мера направлена на создание антикоррупционного поведения граждан, в том числе молодежи.

По мнению автора, отношения между преподавателями и студентами выходят за рамки права. Свидетельством этому является отсутствие запретительной нормы, ограничивающей деятельность учителей и возлагающей ответственность за неформальное общение с учащимися, а также отсутствие правоприменительной практики привлечения их к ответственности.

В связи с этим представлен российский опыт борьбы с коррупцией. В частности, уголовная ответственность за коррупцию для профессорско-преподавательского состава вуза наступает наряду с другими государственными служащими. Российское законодательство и правоприменительная практика признают преподавателей вузов субъектами коррупции. То есть преподаватели вузов несут уголовную ответственность за взяточничество, если получают подарки или деньги от студентов за сдачу экзамена.

Кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики КазНУ им. аль-Фараби в рамках дисциплины «Правовые основы противодействия коррупции» среди студентов 1-го курса был проведен конкурс на лучший видеоролик по противодействию коррупции. Принято решение о введении в традицию Университета ежегодного проведения данного конкурса.

**Ключевые слова:** противодействие коррупции, формирование антикоррупционной культуры, отношения между преподавателями и студентами.

## Кіріспе

Мақала қоғам мен мемлекеттің ең өзекті мәселесі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға арналған. Зерттеудің мақсаты – барлық деңгейдегі сыбайлас жемқорлықты жоюдың жаңа жолдарын іздеу, шенеунік үшін ғана емес, қоғамның басқа мүшелері үшін де мінез-құлық стандарттарын анықтау.

The law is the most effective mechanism for instilling environmental awareness among citizens, which directs a law-abiding nature user to adhere to the appropriate level of environmental awareness specified in the regulatory legal acts of the state. Accordingly, this order of rational nature management, careful attitude to natural resources is significantly influenced by the requirements of the norms established by the legislator and other requirements of environmental law, which is being improved under the influence and intensive influence of various factors and norms of international law in the field of nature and environmental protection.

In modern jurisprudence, the category of “environmental law and order” is used extremely rarely. In part, this can be explained by its little study. At the same time, the category of “environmental law and order” has great theoretical and practical significance both for the general theory of law and for environmental law. The very concept of “law and order” is characterized by the ambiguous and multifaceted nature of modern understanding. The problem of legal order seems to be of paramount importance both in foreign and Kazakh legal science. Law enforcement studies allow scientists to develop, and the legislator to implement recommendations on the ordering of social life and legal reality.

At the moment, there are several scientific papers where an attempt has been made to comprehend the content and structure of the ecological order, we will pay attention to them in the future, however, we note right away that there are no works by Kazakhstani authors among them.

In her research, L.V. Rashchupkina notes that in recent years the problems of law and order in the field of environmental protection have become decisive in comparison with other components of the integral system of law and order in society (Rash-

chupkina 2006). Agreeing with her opinion, we believe that the issues of environmental law and order should be studied at a higher level – the general theory of law, so she has stepped over the sectoral framework and an integrated approach is needed in her solution. This issue is of exceptional importance to society.

Taking on the task of caring for the environment, law performs a threefold function, the most important of which is its existential function in caring for the environment (Carlson).

The ecological legal order is formed on the basis of law as a legal phenomenon, that is, established by the state and enshrined by it in national environmental legislation. Without environmental law and order through established and state-guaranteed norms, it is impossible to protect the natural environment and ensure environmental safety for both present and future generations.

Based on this, we believe that all legal principles and regulations should be recognized as a fundamental basis, an element of the structure of ecological law and order. Legal prescriptions are always intended for subjects for reasonable management of natural resources, who can adequately assess the degree of their impact on the environment and provide measures for proper behavior and response of this circle of people, to what extent it will affect negatively or positively.

These subjects are individuals, legal entities, officials, national, state, and non-governmental organizations. Being the subject of environmental rights and obligations arising through the emergence, modification and termination of environmental legal relations, it is part of the circle of public relations enshrined in environmental legislation in the field of environmental protection and rational use of natural resources. As we can see, this circle of people is a direct participant in the environmental law and order.

The relations between the subjects of environmental law and order form a complex and inter-related category of legal relations, where the main legal content and characteristics are the environmental rights and obligations of the participants of these legal relations fixed by environmental legislation. The institute of environmental rights and obligations itself, being an element of the structure of the ecological legal order, determines the standards of fair and reasonable consumption of natural resources by mankind that prevent their global depletion at the world level and at the country level.

If we do not consider the institution of environmental rights and obligations in the legal aspect as an element of environmental law and order, then in this case the function of environmental protection and natural resources as one of the key conditions for ensuring sustainable human development is lost.

If we analyze the legal relations between subjects such as a reasonable person and individual components of the natural environment, due to the fact that natural components are not endowed with reason and consciousness, they cannot be carriers of subjective rights and obligations. This means that rights and obligations can be between subjects capable of understanding, accepting and realizing the legal consequences and realizing the measure of their proper behavior for the decisions taken and for possible and sometimes irreversible consequences that may occur. Relations between man and nature are built on a non-legal basis, but ecological and legal relations are built between subjects regarding the use of natural resources.

And any deviation from the standards or excessive intrusion and violation of the natural capabilities of the components of the ecological system leads to the loss of self-production functions and can lead to irreversible destruction of the natural environment. In our opinion, it is erroneous to assert that environmental law regulates the relationship between the individual and nature, when it regulates public relations concerning the interaction of state institutions, civil society and the individual.

Harmonious relations with ecological systems and natural resources are currently being formed under the influence of educational, legal and economic mechanisms. The most effective mechanism is the legal instruments regulating the legal order established in the state and society, including the environmental law and order.

Environmental law and order (rational and careful use of natural resources) is being formed, developed and improved with the help of environmental law, including generally recognized norms of international law. The problem of environmental law and order covers not only environmental rights, but also the right to life itself. In the event of a large-scale environmental disaster, not only the environmental rights of the individual, but also all others will lose their meaning.

The consequences of the interaction of society and the environment are a global problem and are the only action that leads to a change in the human environment. As a result of this action, two process-

es are identified that threaten its survival: habitat pollution and resource depletion.

Thus, the ecological legal order is an orderly system of legal relations between a person, society, the state and the world community – it is a process of legal regulation of relations in the environmental sphere and the implementation of legal norms regulating the interaction of society and the natural environment.

And so, we have concluded that environmental protection programs and laws are meaningless as long as the population does not have a developed environmental legal awareness and does not participate in the process of implementing the law. Wider public participation can be of great importance for solving problems of environmental management. The dissemination of information is crucial for the formation of opportunities for such participation among citizens.

### Conclusion

In modern jurisprudence, the category of “environmental law and order” is used extremely rarely due to the little knowledge. At the same time, the category of “ecological law and order” is of great importance for the theory of law and for environmental law. The concept of “law and order” is characterized by the ambiguous and multifaceted nature of modern understanding both in foreign and in Kazakh legal science. Law enforcement studies allow scientists to develop, and the legislator to implement

recommendations on the ordering of social life and legal reality. The real state of the legal order at the present stage of Kazakhstan’s development is far from ideal. It is characterized by disordered national legislation.

It is for this reason that high-quality scientific and theoretical studies of the rule of law are vital, which as a result will lead to its improvement, the formation of the rule of law in Kazakhstan. The need to raise the issue of environmental law and order is conditioned by the conditions of human development. The diversity and sometimes discrepancy of approaches to the definition of basic concepts often hinders the growth of knowledge in the field of legal regulation of public relations in the sphere of interaction between society and the natural environment.

Therefore, the development of scientifically based environmental terminology used in regulatory legal acts is one of the most important tasks of environmental research. The consequences of the interaction of society and the environment are a global problem and are the only action that leads to a change in the human environment. As a result of this action, two processes are identified that threaten its survival: habitat pollution and resource depletion.

### Gratitude, conflict of interest

This research has been/was/is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP14872548 Modern environmental Law and order: Kazakhstan case).

### Литература

- Рио-де-Жанейрская декларация по окружающей среде и развитию Принята Конференцией ООН по окружающей среде и развитию, Рио-де-Жанейро, 3-14 июня 1992 года // [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/riodecl.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/riodecl.shtml)
- Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) // [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_)
- Ращупкина, Л.В. Правовые средства обеспечения экологического правопорядка: учеб. пособие / В.С. Герасимов, Л.В. Ращупкина; ВлГУ. – Владимир, 2006. – 5 п.л.
- Платон. Государство. Соч. В 3-х т. Т. 3. Ч. 1. – М., 1971. – С. 227.
- Политика Аристотеля (Пер. с греч. Н. Скворцова). – М., 1865. – С. 282.
- Сырых В.М. Теория государства и права: Учебник для вузов. – М., 2005. – С. 367.
- Алексеев С.С. Теория права. – М., 1994. – С. 194.
- Ибраева А.С. Теория государства и права. – Алматы: Жеті Жарғы, 2014. – 324 с.
- Bodansky, Daniel, *The Art and Craft of International Environmental Law*, Harvard University Press, 2009.
- Ращупкина Л.В. Экологический правопорядок: общетеоретический анализ. – Владимир, 2006. – 160 с.
- Carlson, J., Palmer, G., & Weston, B. *International Environmental Law and World Order: A Problem-Oriented Coursebook*. (Vol , pp.) Retrieved from <http://store.westlaw.com/carlson-palmer-westons-international-environmental-law-world-order-a-problem/137858/40347015/productdetail>

### References

- Rio Declaration on Environment and Development Adopted by the UN Conference on Environment and Development, Rio de Janeiro, June 3-14, 1992 // [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/riodecl.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/riodecl.shtml)
- The Constitution of the Republic of Kazakhstan (adopted at the republican referendum on August 30, 1995) // [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_)
- Raschupkina, L.V. Legal means of ensuring environmental law and order: textbook. manual / V. S. Gerasimov, L.V. Raschupkina; VISU. Vladimir 2006. 5 p.l.
- Plato. State. Soc. In 3 t. t. 3. Part 1. M., 1971. – 227 p.
- The politics of Aristotle (Translated from Greek by N. Skvortsov). M., 1865. – 282 p.
- Syrykh V.M. Theory of state and law: Textbook for universities. M., 2005. – 367 p.
- Alekseev S.S. Theory of morals. M., 1994. – 194 p.
- Ibraeva A.S. Theory of state and law. Almaty: Zheti Zhargy. 2014. – 324 p.
- Bodansky, Daniel, The Art and Craft of International Environmental Law, Harvard University Press, 2009.
- Raschupkina L.V. Ecological law and order: general theoretical analysis. Vladimir, 2006. – 160 p.
- Carlson J., Palmer G. and Weston B. International Environmental Law and the World Order: A Problem-oriented textbook. (Volume, p.) Extracted from <http://store.westlaw.com/carlson-palmer-westons-international-environmental-law-world-order-a-problem/137858/40347015/productdetail>

FTAMP 10.07.01:10.53.01

<https://doi.org/10.26577/JAPJ.2022.v104.i4.010>

С.К. Есетова<sup>1\*</sup>, А.М. Наширбекова<sup>2</sup>, Т.А. Имангазиев<sup>1</sup>,  
А.А. Жусупов<sup>3</sup>, Н.М. Мусабекова<sup>4</sup>

<sup>1</sup>Қайнар академиясы, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>3</sup>Еуразиялық технологиялық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>4</sup>«Торайғыров университеті» КЕАҚ, Қазақстан, Павлодар қ.

\*e-mail: saltanat.yesetova@gmail.com

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА

Қазіргі кезеңде табиғатпен қарым-қатынастың ретсіз дамуы жекелеген объектілердің, аумақтардың, елдердің ғана емес, бүкіл адамзаттың өміріне қауіп төндіріп отыр. Бұл – адамның материалдық және рухани мұқтаждықтарды қанағаттандыру барысында бүкіл табиғаттағы тіршілік иелерімен тығыз байланыста болатынынан шығып отырған мәселе. Яғни, жалпы алғанда, бүкіл адамзат өз дамуында өзінің мәдени ортасын құрып, білім мен еңбек және рухани тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа таратып отырады. Қазіргі жағдайда мектеп қабырғасынан бастап университет деңгейіне дейінгі көлемде адамдардың экологиялық сауатын ашу жолымен экологиялық білім қоғамның ауқымды бөлігін қамтуы тиіс. Экологиялық білімнің бірегейлігі – оның аясында жаңа білім беру мақсаттары қойылып, жаңа амал-тәсілдердің қолданылауында. Осыған байланысты экологиялық білімнің аса маңызды бөлімін әрбір жеке адамның және бүкіл қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастыру ісі құрайды. Жоба бойынша жұмыс барысында тұжырымдамалық әдіс, статистикалық және салыстыру әдістері, тарихи-құқықтық әдіс, талдау (яғни анализ) және синтездеу әдістері, «үлкен деректерді» пайдалану әдісі қолданылды. Экологиялық сана-сезімді қалыптастыру экологиялық білім берумен тығыз байланысты. Қоршаған ортаға байланысты туындап жатқан проблемалар саны күннен-күнге артып отырғаны, олардың аймақтық немесе халықаралық сипатқа ие болуы немесе жалпы халықаралық қатынастарға кері әсерін тигізуі мемлекеттердің арасында барынша кең ынтымақтастық түзіп, халықаралық ұйымдардың мүддесіне сай келетін шараларды қолдануымызды талап етеді.

Құқықтық нормалардың сапасы экологиялық-құқықтық мәдениеттің деңгейіне, яғни қоғам өкілдерінің сол нормаларды біліп-түсінуіне әрі түсіндіруіне, сондай-ақ адамның экологиялық құқықтарын қолда бар құқықтық тәсілдердің барлығын қолданып қорғауға, күнделікті тіршілікте және кәсіби қызмет барысында экологиялық міндеттерді орнықты түрде орындауға дайын болу дәрежесіне байланысты болып келеді.

Халықтың экологиялық құқықтық санасы жоғары деңгейге дейін дамымайынша және қоғам өкілдерінің барлығы заңдарды іске асыруға қатыспайынша, қоршаған ортаға қатысты бағдарламалар мен заңдар мән-мағынаға ие болмайды деген қорытынды жасалды. Қоршаған ортаны ұтымды пайдалану проблемаларын шешу үшін бұл іске қоғамның барынша кең ауқымда қатысуының мәні зор. Ал азаматтардың осы үдеріске қатысуына мүмкіндік жасау үшін ақпарат тарату шешуші мәнге ие екені сөзсіз.

**Түйін сөздер:** экологиялық құқық тәртібі, табиғатты қорғау заңнамасы, құқықтық тәртіп, экологиялық құқық, экологиялық, экологиялық құқықтық сана.

S.K. Yesetova<sup>1\*</sup>, A.M. Nashirbekova<sup>2</sup>, T.A. Imangaziyev<sup>1</sup>, A.A. Zhussupov<sup>3</sup>, N.M. Musabekova<sup>4</sup>

<sup>1</sup>Kainar Academy, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>3</sup>Eurasian Technological University, Kazakhstan, Almaty

<sup>4</sup>NAO "Toraigyrov University", Kazakhstan, Pavlodar

\*e-mail: saltanat.yesetova@gmail.com

### Environmental consciousness in the structure of the elements of the environmental legal order

At present, the spontaneous development of relations with nature endangers the existence of not only individual objects, territories, countries, but also of all mankind. This is explained by the fact that a person is closely connected with wildlife through its material and spiritual needs, that is, humanity as a whole develops and creates a cultural environment on earth, passing on its labor and spiritual experience from generation to generation. In our current conditions, this education should cover a large part

of society through general environmental education of people from school walls to university walls. The uniqueness of environmental education lies in its new setting of educational goals, a new approach. In this regard, the most important goal of environmental education is the formation of an ecological culture of a person and society. During the work on the project, the conceptual method, statistical and comparative methods, the historical and legal method, the method of analysis and synthesis, the method of using "big data" were applied. The formation of ecological consciousness is closely connected with ecological education. The growing number of environmental problems, whether they are regional or international in nature or affect the international industry as a whole, require greater cooperation between states and action in the interests of international organizations.

The level of environmental and legal culture determines the quality of legal norms, their knowledge, understanding and interpretation in society, as well as the degree of readiness to protect human environmental rights by all legal means, to consistently fulfill environmental tasks in everyday life and professional activities. It is concluded that programs and laws on environmental protection are meaningless until the population has a developed environmental legal awareness and does not participate in the process of implementing the law.

Greater public participation can go a long way towards addressing environmental management issues. The dissemination of information is critical to enabling citizens to participate.

**Key words:** environmental law and order, environmental legislation, law and order, environmental law, environmentalism, environmental legal awareness.

С.К. Есетова<sup>1\*</sup>, А.М. Наширбекова<sup>2</sup>, Т.А. Имангазиев<sup>1</sup>, А.А. Жусупов<sup>3</sup>, Н.М. Мусабекова<sup>4</sup>

<sup>1</sup>Академия Кайнар, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>3</sup>Евразийский Технологический Университет, Казахстан, г. Алматы

<sup>4</sup>НАО «Торайгыров университет», Казахстан, г. Павлодар

\*e-mail: saltanat.yessetova@gmail.com

### Экологическое правосознание в структуре элементов экологического правопорядка

В настоящее время стихийное развитие отношений с природой ставит под угрозу существование не только отдельных объектов, территорий, стран, но и всего человечества. Это объясняется тем, что человек тесно связан с живой природой через ее материальные и духовные потребности, то есть человечество в целом развивается и создает на земле культурную среду, передавая свой трудовой и духовный опыт из поколения в поколение. В наших нынешних условиях это образование должно охватить большую часть общества путем всеобщего экологического просвещения людей от школьных стен до университетских. Уникальность экологического образования заключается в его новой постановке образовательных целей, новом подходе. В связи с этим важнейшей целью экологического образования является формирование экологической культуры человека и общества. В ходе работы над проектом были применены концептуальный метод, статистический и сравнительный методы, историко-правовой метод, метод анализа и синтеза, метод использования «больших данных». Формирование экологического сознания тесно связано с экологическим образованием. Растущее число проблем, связанных с окружающей средой, поскольку они носят региональный или международный характер или влияют на международную отрасль в целом, требует более широкого сотрудничества между государствами и принятия мер в интересах международных организаций.

От уровня эколого-правовой культуры зависит качество правовых норм, их знание, понимание и толкование в обществе, а также степень готовности защищать экологические права человека всеми правовыми способами, устойчиво выполнять экологические задачи в повседневной жизни и профессиональной деятельности. Сделан вывод о том, что программы и законы по охране окружающей среды бессмысленны до тех пор, пока население не обладает развитым экологическим правосознанием и не принимает участия в процессе реализации закона. Более широкое участие общественности может иметь большое значение для решения проблем рационального использования окружающей среды. Решающее значение для формирования у граждан возможностей для такого участия имеет распространение информации.

**Ключевые слова:** экологический правопорядок, экологическое законодательство, правопорядок, экологическое право, экологизм, экологическое правосознание.



## Кіріспе

Табиғаттың жай-күйі цунами, су тасқыны, орман өрті, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар сияқты әртүрлі белгілер арқылы көрініс табады. Қазіргі уақытта табиғатпен қарым-қатынастың стихиялық дамуы жеке объектілердің, аумақтардың, елдердің ғана емес, сонымен қатар бүкіл адамзаттың өмір сүруіне қауіп төндіруде. Бұл адамның материалдық және рухани мұқтаждықтарды қанағаттандыру барысында бүкіл табиғаттағы тіршілік иелерімен тығыз байланыста болатынынан шығып отырған мәселе. Яғни жалпы алғанда, бүкіл адамзат өз дамуы барысында өзінің мәдени ортасын құрып, білімі мен еңбек және рухани тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа таратып отырады. Оқиғалардың өздігінен дамуын тоқтатуды, оларды басқару мәселесін шешуді біз тек білім арқылы ғана іске асыра аламыз. Ал біздің қазіргі жағдайда бұл білім мектеп қабырғасынан бастап университет қабырғасына дейінгі көлемде жалпы экологиялық білім беру арқылы қоғамның ауқымды тобын қамтуы тиіс. Экологиялық білім берудің бірегейлігі оның білім беру мақсаттарын жаңаша қоюында, жаңа көзқарас танытуда. Осыған байланысты экологиялық білім берудің ең маңызды мақсаты әрбір жеке адамның және жалпы қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастыру болып табылады (Васильчук 2017).

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі мемлекеттік құжаттарда, мемлекеттік органдардың есептері мен ғылыми еңбектерде Қазақстандағы экологиялық құқықтың тиімділігінің төмен дәрежеде болып отырғанының бірден-бір себебі – қоғамның экологиялық және құқықтық мәдениетінің қазіргі жағдайы деген тұжырым жасалады. Бұл адамның қоршаған ортаға әсерінің субъективті құрамдас бөлігі, ол адамдардың экологиялық құқықтық нормаларға деген көзқарастарын, өздерінің экологиялық құқықтары мен міндеттерін білуін және ең бастысы күнделікті өмірде және кәсіби қызметте оларды үнемі қорғау және сақтау үшін әрекет етуге дайын болуының көрінісі. Сонымен қатар, өкінішке қарай, экологиялық және құқықтық мәдениеттің деңгейі әлі де төмен болып отыр, сондықтан барлық азаматтардың заманымызға сай экологиялық мәдениет шарттарын сақтауы өзекті мәселеге айналды. Осы мәселе Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде, сондай-ақ білім беру, тәрбие және ағарту мәселелеріне арналған заңдар мен нормативтік

құқықтық актілерде көрініс тапты. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік іс-шаралар мектепке дейінгі мекемелер жұмысының тиімділігінің, сондай-ақ еліміздегі білім берудің барлық деңгейлерін жүзеге асырудың маңызды өлшемдерінің бірі ретінде танылып отыр.

Еуразияның орталығындағы 2717,3 мың шаршы км құрайтын аумақты алып жатқан Қазақстанның табиғаты өте осал. Кең ауқымды экономикалық даму қоршаған ортаның дағдарысын туғызды. Бүгінде экологиялық ахуал теріс техногендік әсер салдарынан табиғи ортаның айтарлықтай бұзылуымен сипатталып отыр. Бұл табиғи ресурстардың толықтай немесе ішінара жойылуына, табиғи ландшафтар өнімділігінің төмендеуіне, топырақтың, жайылымдардың тозып, су жүйелерінің сарқылуына, жердің шөлейттенуіне (әсіресе Қазақстан аумағында), жылыжай әсерінің туындауына, қышқыл жауын-шашындар жаууына, озон қабатының бұзылуына және т.б. кері салдарларға әкеліп соқты. Осының барлығы қауіпті жаһандық үдерістер жағдайында адамды қоршаған ортаның ластануын және оның сапасының нашарлауын туғызып отыр, өз кезегінде қалыптасқан жағдай халықтың денсаулығына кері әсерін тигізіп, сонымен қатар экономикалық шығындарды туындатады, сондықтан экологиялық қауіпсіздік мемлекеттің стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады (Дмитриев 2006).

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі кезең қоршаған ортаны қорғаудың және табиғатты пайдаланудың, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мүлдем жаңа мемлекеттік жүйесін құрып, қалыптастыру жылдары болды. Мемлекет қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың қалыптасуы мен дәйекті жүзеге асырылуын белгілі бір дәрежеде қамтамасыз етті. Алайда Қазақстанда ондаған жылдар бойы және күні бүгінгі дейін табиғатты пайдалануда қоршаған ортаға жоғары техногендік жүктеме келтіретін шикізаттық жүйе басымдыққа ие болып отырғандықтан, өкінішке қарай, экологиялық жағдай әлі де түбегейлі жақсара қойған жоқ, еліміздің табиғи жүйелері құлдырап тұр.

Негізгі ұғымдарды анықтау тәсілдерінің алуан түрлілігі, кейде тіпті бір-біріне сәйкес келмеуі қоғам мен табиғи ортаның өзара әрекеттестігі саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық тұрғыда реттеу туралы білімнің өсуіне кедергі келтіретін тұстар аз емес. Бұдан бөлек, заңда

өртүрлі түсіндірілетін ұғымдар мен терминдер болмауы тиіс. Сондықтан экологиялық зерттеулердің маңызды міндеттерінің бірі нормативтік құқықтық актілерде қолданылатын ғылыми тұрғыда негізделген экологиялық терминологияны қалыптастыру болып табылады. Бұл орайда «экологиялық тәрбие», «экологиялық білім беру», «экологиялық ағарту», «экологиялық сана», «экологиялық мәдениет» ұғымдарына қатысты түрлі көзқарастарды бөліп көрсету қажет. Бұл ұғымдардың барлығы бір-бірімен тығыз байланысты болып табылады.

### Материалдар мен әдістер

Жобамен жұмыс жасаудың осы кезеңінде келесі ғылыми әдістер қолданылды: табиғатты қорғау заңнамасының нормаларын талдаудағы тұжырымдамалық әдіс; экологиялық саясатты анықтау мен салыстырудағы статистикалық және салыстырмалы әдістер; тарихи-құқықтық әдіс; талдау және синтездеу әдістері; «үлкен деректерді» пайдалану әдісі. Азаматтар өмірінің көптеген аспектілерін цифрландыру деректердің кең ауқымына қолжетімділік беруде. Жаһандық желілер кеңістік пен шекаралар туралы дәстүрлі ұғым-түсініктерді өзгертіп, ғалымдарға алыс қашықтықтағы адамдарды бақылауға және олармен байланысуға мүмкіндік туғызып отыр. Өртүрлі әдіснамалық мектептер осы әлеуетті пайдалануға ұмтылады.

### Әдебиеттерге шолу

Рябов А.А. «Экологиялық білім беру проблемалары» мақаласында «...қоршаған орта саласындағы тәрбие, білім беру арасындағы белгілі диалектикалық байланыс» бар екендігіне назар аударып, «... қоғамның табиғи ортаға деген ғылыми көзқарастарын (экологиялық сана, экологиялық этика және т.б.) экологияландырудың бұл нысандары біртұтас әрі кешенді түрде қарастырылуы тиіс» дейді. «Білім беру – жүйеленген білім мен біліктерді меңгеру үдерісі әрі нәтижесі» болса, «экологиялық білім беру дегеніміз – қоғам мен қоршаған ортаның өзара байланысы туралы жүйелі білімді меңгеру үдерісі мен нәтижесі», «экологиялық ағарту – жастардың бойында табиғатқа деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу», ал «экологиялық тәрбие дегеніміз жалпы білім берудің негізі, оның мақсаты жан-жақты әрі үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады» (Тюльпанов 2020).

Шмейдер А.А. «Экологиялық білім берудің мәні мен жалпы тәсілдері: оның міндеттері мен мақсаттары» атты еңбегінде экологиялық білім беруді оқушылардың құндылықтарының белгілі бір шкаласын өзірлеуді және олардың бойында адамның мәдениетпен және биофизикалық ортамен қарым-қатынасын түсіну және дұрыс бағалау қабілеті мен ұмтылысын ояту мақсатында кейбір идеяларды нақтылауды қамтитын үдеріс ретінде анықтайды (Gupta 2014 : 147–160).

1974 жылы ЮНЕСКО-ның ұлттық комиссиясы Финляндияның Ямми қаласында ұйымдастырған экологиялық білім беру семинарында мынадай анықтама ұсынылды: «Экологиялық білім беру дегеніміз – экологиялық мақсаттарға жету жолдарының бірі. Ол жеке білім саласы да, тәуелсіз зерттеу объектісі де болып табылмайды, ол үздіксіз біліктілікті арттыруды қоса алғанда, толық білім беру аясында жүзеге асырылуы тиіс» (Савватеева 2019: 32-36).

Алайда кейіннен экологиялық ағарту (немесе қоршаған орта туралы білім) ұғымы сирек қолданыла бастады. Ол «экологиялық білім беру», «экологиялық тәрбие» ұғымдарын алмастыра бастады.

Бірқатар авторлар экологиялық білім мен экологиялық тәрбиеге анықтама бере отырып, оларды өзара байланысты, бірақ бірін-бірі алмастырмайтын ұғымдар деп санайды. Яғни бұл жерде экологиялық тәрбиені әлеуметтік-психологиялық тұрғыда табиғатқа ықыласпен қарау ұстанымын дамытуға бағытталған шаралар жүйесі, ал экологиялық білім беруді табиғатты ұтымды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау теориясы мен тәжірибесін меңгеруге бағытталған оқыту жүйесі деп түсінген жөн.

Экологиялық білім беру мәселесін талдай отырып, О.В. Устьянцева экологиялық мәдениетті, экологиялық білім беру, тәрбиелеу және ағарту жүйесін қалыптастыру үдерісінің ең маңызды қатынастырушы буыны азаматтық қоғамның экологиялық санасы мен оның құқықтық негізі болып табылады деген қорытындыға келеді (Устьянцева 2010 : 42 – 47). Қоғамның экологиялық құқықтық санасы – экологиялық құқықтың құрылымдық элементі, ол қоғамның экологиялық мүдделерімен тығыз байланысты болып табылады. Экологиялық сананың жоғары деңгейі адам мен қоғамның табиғатпен ұтымды әрі ұқыпты қарым-қатынас түзуін қамтамасыз етеді.

### Нәтижелер және талқылау

Қазақстанда «экологиялық білім беру» және «экологиялық тәрбие» ұғымдары алғаш рет 1997 жылы Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңында пайда болды, ондағы бір тарау «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық білім және тәрбие, ғылыми зерттеулер» деп аталды. Атап айтқанда, 73-бапта: «Үздіксіз экологиялық тәрбие мен білім беру қоғамның экологиялық мәдениетін көтеру, мамандардың кәсіби даярлығын жүзеге асыру мақсатында мектепке дейінгі, жалпы орта, кәсіптік-техникалық, арнаулы және жоғары білім берудің, мамандарды қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың бүкіл процесін қамтиды, экологиялық тәрбие мен білім берудің жалпы және үздіксіз жүйесі орнаған. Тұрғындар арасында экологиялық білім туралы ақпаратты таратуды мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктер бұқаралық ақпарат құралдары арқылы және заңға қайшы келмейтін басқаша нысандарда жүзеге асырады» делінген (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000160>).

Сонымен қатар бұл заңда экологиялық тәрбие мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы білім берінің міндетті талаптары айқындалған: әмбебаптық және үздіксіздік; халық арасында экологиялық білімді тарату; бейіні мен меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарында экологиялық пәндерді міндетті түрде оқыту; басшылар мен мамандарды кәсіби экологиялық даярлықтан өткізу (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000160>).

2007 жылы Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексі қабылданып, онда экология саласындағы тәрбие, білім беру және ағарту ісінің басты мақсаты қоршаған ортаны саналы түрде қабылдау, табиғатты аялау, оның

байлығын ұтымды пайдалану, табиғи ресурстарды қалпына келтірудің маңыздылығын түсіну қажеттілігіне адамның сенімін қалыптастыру болып табылады деп жарияланды (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400>). Қазіргі жағдайда экологиялық білім мен тәрбие қоғам мен табиғаттың өзара әрекетін үйлестіру үдерісінің бірден-бір негізін құрап отыр. Экологиялық білім беруді экологиялық талаптарды, тыйымдар мен шектеулерді сақтау қажеттілігін ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауды дамыту мақсатында адамдардың сезіміне, көзқарастарына әсер етудің түрлі тәсілдері деп түсіну керек.

Бұл Кодекстің ерекшелігі 12-бөлімде экологиялық құқықтық сана саласындағы негізгі ұғымдардың бекітілгені болды (1-сурет) (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K210000040>).

Сонымен, қоғамның белгілі бір бөлігінің жаһандық экологиялық проблемалардың бар екенін ұғынуы, дүниежүзілік қоғамдастықтың оларды мойындауы және оларды шешуге дайын болуы қоғам өкілдерінің экологиялық құқық пен заңнаманың маңыздылығын түсінуінің ғана емес, экологиялық нормаларды тікелей сақтауын, азаматтар мен олардың бірлестіктерінің қоршаған ортаны сақтауға, қалпына келтіруге бағытталған мақсатты іс-шараларға қатысуының бірден-бір шарты болып табылады. Экологиялық білім беру ең алдымен қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттесуі саласындағы білім, білік және дағдылар жүйесін қалыптастыруға, қоғамның табиғатпен өзара әрекеттесуінің теориясы мен қолданбалы аспектілерін меңгеруіне бағытталса, экологиялық тәрбие табиғатты қорғау мәселелеріне жауапкершілікпен қарау, экологиялық құқықтық нормаларды сақтау, осыған байланысты қызметті белсендіруге бағытталады.



1-сурет – Экологиялық құқықтық сананың құрылымы

Қоғам мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуінің салдарлары – жаһандық проблема, олар адамның қоршаған ортасының өзгеруіне апарып соғатын бірден-бір әрекет болып табылады. Осы әрекеттің нәтижесінде адамның өміріне қауіп төндіретін екі үдеріс айқындалады: тіршілік ету ортасының ластануы және ресурстардың сарқылуы.

2002 жылы қабылданған Қазақстан Республикасындағы экологиялық білім беру тұжырымдамасы негізінде мынадай қорытындыға келеміз. Экологиялық білім берудің тиімді жүйесі экономика мен қоғамның орнықты дамуын қамтамасыз етудің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Қазіргі заманда дамыған елдердің экономикасының дамуында орын алған үрдістердің ішінде экологиялық апаттардың алдын алудың қалыптасып жатқан негіздерін атап айтсақ: тұтынылатын ресурстар деңгейін біртіндеп төмендету, ресурс үнемдейтін технологияларды енгізу, қалдықтарды кәдеге жарату және ластануды болдырмауда қосымша құнды ұлғайту. Орнықты даму принциптері экологиялық капиталдың белгілі бір қорларын: құнарлы топырақты, таза ауаны, озон қабатын, генетикалық биологиялық алуан түрлілікті сақтап, болашақ ұрпаққа табыстап беруді көздейді. Бұны экономиканың жоғары технологиялық тиімді секторларын жан-жақты ынталандыру арқылы жүзеге асыруға болады, ол үшін ең алдымен табиғатты пайдалану және әкімшілік басқарудың барлық салаларындағы мамандардың экологиялық даярлығы сапасымен айқындалады ([https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U030001241\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U030001241_)).

Еліміздің экологиялық білім беру жүйесі заңда белгіленген экологиялық нормалар мен стандарттарға сәйкес шешімдер қабылдауға және әрекет етуге қабілетті адамдарға қажетті білім кешенін меңгертумен қатар олардың мінез-құлық стереотиптерін қалыптастыруға, дамытуға және бекітуге арналған. Экологиялық білім жалпы білім беру жүйесінің бір бөлігі болып табылады, дегенмен оны дамытудың нормативтік-құқықтық, ұйымдастырушылық, ғылыми, оқу-әдістемелік, ақпараттық, материалдық-техникалық құрамдастарын құруды қамтамасыз ететін арнайы шараларды әзірлеу қажет.

Экологиялық-құқықтық білім беру мемлекеттің құқықтық реттеу және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметінің дербес саласы әрі осы саладағы мемлекеттік басқару қызметтерінің бірі болып табылады. Осы бағыт ая-

сында экологиялық заңгерлерді даярлау міндеті ғана емес, сонымен қатар жалпы әрі аса маңызды салалар болып табылатын экологиялық білім мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру, болашақ заңгерлердің азаматтық қасиеттерін тәрбиелеп-қалыптастыру міндеті шешіледі. Экологиялық тәрбиені құқықтық тәрбиенің бір түрі ретінде қарастыру керек. А.С. Ибраеваның пікірінше: «Құқықтық тәрбие – мемлекеттің, қоғамдық ұйымдардың, жекелеген азаматтардың заң тәжірибесін табыстап беру жөніндегі мақсатты қызметі; құқықтық нормалардың сақталуын, орындалуын және қолданылуын қамтамасыз ететін белгілі бір жағымды ұғым-түсініктерді, көзқарастарды, құндылық бағдарларды, ұстанымдарды қалыптастыру мақсатында адамның санасы мен мінез-құлқына жүйелі әсер ету» (Ибраева 2008: 324).

Құқықтық сана мен экологиялық сананың байланысын көрсете отырып, оларды бөлек топтастырғанда, экологиялық сананың құқықтық санамен тікелей байланысты екенін көреміз. Құқықтық сана дегеніміз – қоғамдық және жеке сана саласына жататын жоғары дамыған құбылыс. Экологиялық құқықтық сана дегеніміз – экологиялық қатынастарды, табиғатқа әсер етудің нысандары мен әдістерін реттейтін қолданыстағы экологиялық-құқықтық нормаларға және құқықтық қорғау объектісі ретінде табиғатқа қоғамның көзқарасын білдіретін бағалау сезімдерін құқық тұрғысынан реттеу туралы экологиялық-құқықтық көзқарастар, ұғым-түсініктер жүйесі. Ол адамдардың экологиялық тұрғына маңызды тәртібіне, олардың белгілі бір шешімдерді қабылдау себептеріне айтарлықтай әсер етеді және адамның, әлеуметтік топтың экологиялық және құқықтық ақпаратты қабылдауымен, түрлі экологиялық және құқықтық құбылыстармен – экологиялық заңдармен, оның нақты нормаларының талаптарымен, құқық қорғау органдарының қызметіне белгілі бір көзқарастың болуымен байланысты болып келеді.

Сонымен қатар экологиялық құқық құнды нормативтік қызметті де атқарады, нақты айтқанда, экологиялық құқықтық нормалар адамның сеніміне, оның бағыт-бағдарлары мен ұстанымдарына, сезімдері мен эмоцияларына әсер етеді. Экологиялық-құқықтық нормалар адамның санасы мен эмоциясына ғана емес, оның еркіне де әсер етіп, оны құқыққа сай тәртіпті болуға ынталандырады, заңға қайшы, экологиялық тұрғыдан бұрыс мінез-

құлыққа тыйым салады. Сондай-ақ құқықтық сананың да, экологиялық құқықтық сананың да болжамдық қызмет атқаратынын, шындықтың дамуынан озып отыру қабілетін иеленетінін атап өткен жөн. Тиісті экологиялық және құқықтық көзқарастар дамыса, қолданыстағы заңнамадан озып, оның дамуын ынталандыруы мүмкін.

Экологиялық-құқықтық сананы талдау үшін құқықтық сананың құқықтық идеология және әлеуметтік-құқықтық психология сияқты құрылымдық элементтерін (жақтарын) бөліп көрсету маңызды болып табылады. Құқықтық идеология қоғамдық дамудың қажеттілігін объективті түрде пайымдау болып табылады, ол заңдылық, әділеттілік, теңдік, құқықтар мен міндеттер бірлігі деген құқықтық категориялар шеңберінде жүйеленген ұғым-түсініктерге негізделеді. Бұл орайда әлеуметтік-психологиялық компоненттерді ескермей, құқықтық идеялар мен идеологияның қағидаттарын тану және қалыптастыру үдерісін жүзеге асыру мүмкін емес.

Қоғамдық экологиялық құқықтық сана экологиялық құқықтық шынайы жағдайдың жекелеген елеусіз көріністерінен едәуір кең ауқымда пайымдалады, яғни ол жалпылама сипатқа ие, басқа сөзбен айтқанда, ол жекелеген адамдардың емес, бүкіл қоғамның мүдделеріне қатысты жалпы заңдылықтарды басшылыққа алады. Жеке және топтық экологиялық құқықтық санада адамның жеке және топтық өмір сүру саласын қамтитын экологиялық және құқықтық шынайы жағдайдың аспектілері көрініс табады. Қоғамдық экологиялық-құқықтық сана жеке және топтық сананың ішінара көрінісі ғана болып табылады. Қоғамдық, топтық және жеке санадағы экологиялық және құқықтық білімнің көлемі мен тереңдігі әртүрлі. Қоғамдық экологиялық-құқықтық сана жеке адамның экологиялық-құқықтық санасына ықпал етіп, оның қалыптасуына қатысады, адамның қажетті экологиялық-құқықтық білім беріп, оны экологиялық-құқықтық мәдениетке кіріктіреді.

Экологиялық сананың қалыптасуы экологиялық тәрбиемен тығыз байланысты. Экологиялық білім беру саласындағы әртүрлі елдердің күш-жігерін үйлестіруді Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (UNESCO) жүзеге асырады. UNESCO қолдауымен өткізілетін барлық халықаралық конференцияларда экологиялық білім беру мектепке дейінгі ұйымдардан бастап жоғары оқу орындарына және қайта даярлау

жүйесіне дейінгі білім беру бағдарламаларының құрамдас бөлігі ғана емес, сонымен қатар қоғамның қоғамдық сананың және жеке адамдардың экологиялық тәртібінің дамуына ықпал етудің барлық нысандары болып табылатыны туралы тұжырым расталады (<https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000377362>).

Дамушы елдерде туындайтын көптеген экологиялық мәселелер сол елдердің жеткіліксіз дамымағандығымен байланысты болып табылады. Миллиондаған адамдардың өмір сүру үшін қажетті ең қарапайым жағдайлары жоқ, яғни тұрғын үй және білім салаларын былай қойғанда, азық-түлік пен киім-кешек, медициналық қызмет көрсету және тазалық сақтау құралдары да жеткіліксіз. Сондықтан дамушы елдер қоршаған ортаның сапасын сақтау және жақсарту қажеттілігін ескере отырып, бар күш-жігерін қоршаған ортаны орнықты дамытуға бағыттауы тиіс. Осы мақсатта өнеркәсібі дамыған елдер өздері мен дамушы елдер арасындағы алшақтықты жоюға күш салғаны жөн. Өнеркәсіптік тұрғыда дамыған елдердің экологиялық проблемалары негізінен индустрияландыру және технологиялық даму үдерісімен байланысты болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы проблемалар негізінен халықтың табиғи өсімінен туындайды, ал ол мәселелерді шешу үшін тиісті жағдайларда тиісті саясатты жүргізіп, тиісті шараларды қабылдау қажет.

Қоғамның ілгерінді дамуының қозғаушы күші болып табылатын адамдар өздерінің қажырлы еңбегімен қоғамның әл-ауқатын жақсарту жолында ғылым мен техниканы дамытып, үнемі қоршаған ортаны өзгертіп отырады. Қоғамдық прогресс пен өндірістің, ғылым мен техниканың дамуымен қатар адамның қоршаған орта сапасын жақсарту қабілеті де күн сайын артып келеді. Бүгінде біз өз қызметіміздің қоршаған ортаға тигізетін әсеріне баса көңіл бөле отырып, бүкіл әлем болып іс-әрекеттерімізді осы тұрғыда реттеуге бет бұратын тарихи кезеңге келдік. Надандығымыз немесе немқұрайлылығымыздың салдарынан біз өмір салтымыз бен әл-ауқатымызға қарай жер бетіндегі қоршаған ортаға орасан зор әрі орны толмас зиян келтіруіміз ықтимал. Керісінше, өз біліміміз бен ақылға қонымды тәсілдерді неғұрлым толық қолдансақ, өзіміздің және ұрпақтарымыздың мұқтаждықтары мен үмтылыстарына барынша сәйкес келетін ортада жақсы өмір сүре аламыз. Алдымызда қоршаған

ортаның сапасын жақсарту және өмір сүру үшін барынша жақсы жағдай жасау келешегі тұр.

Табиғат әлемінде еркіндікке ие болу үшін адам өз білімін табиғат заңдарына сәйкес жақсы орта құруға жұмсауы тиіс. Қазіргі және болашақ ұрпақ үшін адамның қоршаған ортасын қорғау әрі жақсарту маңызды мақсатқа айналды.

Адамды қоршаған орта саласындағы бұл мақсатқа қол жеткізу үшін азаматтар мен қоғамдар, сондай-ақ барлық деңгейлердегі кәсіпорындар мен мекемелер өз жауапкершілігін мойындауы әрі оған күш жұмсауда бірігуі қажет. Барлық кәсіпорын басшылары мен мамандары, жеке тұлғалар, сондай-ақ түрлі ұйымдар мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, ортақ күш-жігер жұмсай отырып, болашақ әлемнің табиғи ортасын жасауы тиіс. Жергілікті билік органдары мен ұлттық үкіметтер адамды қоршаған ортаны қорғау саласындағы ауқымды саясаттың жүзеге асырылуы және осы салада өз құзыреті шегінде атқаратын қызметі үшін зор жауапкершілікті көтеретінін түсініп, пайымдауы тиіс. Адамзатты ресурстармен қамтамасыз ету үшін осы саладағы өз міндеттерін орындайтын дамушы елдерді қолдау үшін халықаралық ынтымақтастық қажет.

Аймақтық немесе халықаралық сипатта болсын немесе тұтастай алғанда халықаралық өнеркәсіпке әсер ететін экологиялық проблемалар санының артуы мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуді және халықаралық ұйымдардың мүдделеріне сай әрекет етуді талап етеді.

БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі конференциясында қабылданған Стокгольм декларациясының 19-қағидасына сәйкес: адамдардың, кәсіпорындардың және жалпы қоғамның қоршаған ортаны қорғау және жақсарту саласында саналы түрде әрекет етуіне, осы салада дұрыс тәртіп орнату мақсатында қоршаған ортаны қорғау шеңберін кеңейту үшін халықтың ең төменгі деңгейдегі бөлігін ескере отырып, өскелең ұрпақты, сондай-ақ ересектерді қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша оқытудың маңызы зор. Сонымен қатар қоршаған ортаның барлық аспектілері жеке тұлғамен байланысты болып табылатындықтан, адамның жан-жақты дамуына мүмкіндіктер туғыза отырып, қоршаған ортаның жағдайын нашарлатуға жол берілмеуін қамтамасыз ету үшін, бұқаралық ақпарат құралдарының қоршаған ортаны қорғау және жақсарту қажеттігі туралы білімді таратуы маңызды болып табылады.

Құқық теориясының құқықтық мәдениеттің қызметіне қатысты қазіргі жетістіктеріне сүйене отырып, экологиялық-құқықтық мәдениеттің әлеуметтік мәні зор бірқатар қызметін бөліп көрсетуге болады. Олардың ең маңыздылары: танымдық (экологиялық құқық нормаларын мойындау арқылы жеке құзыреттіліктерді қалыптастыру); профилактикалық (экологиялық құқық бұзушылықтардың себептерін жою); табиғатты қорғау (бұл адамдардың экологиялық құқық нормаларын жақсы меңгеріп, саналы түрде жүзеге асыруы есебінен осы нормалардың тиімділігін арттыруды білдіреді) (Сосунова 2008: 346).

Экологиялық және құқықтық мәдениет деңгейі осы нормалардың сапасын, қоғамның оларды біліп-түсінуін және түсіндіруін, сондай-ақ адамның экологиялық құқықтарын заңға сай тәсілдермен барлық қорғауға, күнделікті өмірде және кәсіби қызметте экологиялық міндеттерді тұрақты түрде орындауға дайындығының дәрежесін айқындайды.

Экологиялық-құқықтық мәдениеттің дербес мәнінің ерекшелігі – «қоғам – табиғат» жүйесінде қажетті тепе-теңдікке қол жеткізу үшін адамдардың экологиялық санасын қалыптастыру жеткіліксіз. Азаматтарда өз тәртібін «табиғат үшін пайдалы» деген кездейсоқ түсініктер негізінде емес, қолданыстағы экологиялық құқық нормаларына сүйеніп реттеуге мүмкіндік беретін экологиялық құқықтық сана қалыптасуы маңызды болып табылады. Шындығында, ауқымы қауіпті дәрежеге жетіп отырған экологиялық экстремизм де оны қолдаушылардың дамыған экологиялық санасына негізделген. Оны қоршаған ортаға әсер етудің қоғамға қолайлы тәжірибесінен ерекшелендіретін бірден-бір нәрсе – оның заң нормаларына сәйкес келмеуі.

### Қорытынды

Экологиялық тәрбие мен білім беру қоршаған орта саласындағы білім беру жүйесінде орнықты дамудың негізгі әрі қажетті шарттарының бірі болып табылады. Осы мәселенің мақсаттарын белгілеуде ең алдымен жергілікті контекстегі ғылыми деректерді пайдаланып және осы саладағы мамандарды кәсіби тұрғыда даярлауға ерекше назар аудара отырып, халықтың барлық топтарының қоршаған орта мәселелері бойын-

ша сауатын ашуға, білім алуға және осы салада дамуға қол жеткізуін қамтамасыз етуге және барлық оқу бағдарламаларына қоршаған орта және даму саласындағы тұжырымдамаларды енгізу қажеттілігіне назар аударылады. Орнықты дамудың имманентті құрамдас бөлігі болып табылатын экологиялық білім оның барлық негізгі ережелерін айқын немесе елеусіз түрде өмірге енгізіп, мақсатқа жетудің ең маңызды құралдарының бірі ретінде ерекшеленеді.

Сонымен, халықтың экологиялық құқықтық санасы дамымайынша және ол заңды жүзеге асыру үдерісіне қатыспайынша, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламалар мен заңдар ешбір мән-мағынаға ие болмайды деген

қорытындыға келдік. Қоршаған ортаны ұтымды пайдалану мәселелерін шешуге қоғамның кең ауқымда қатысуын қамтамасыз етудің маңызы зор. Ал азаматтардың бұл іске қатысуына мүмкіндік жасау үшін ақпарат тарату маңызды болып табылады.

#### Алғыс, мүдделер қақтығысы

Жарияланым Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыру бөлінген ИРН АР14872548 «Қазіргі экологиялық құқықтық тәртіп: қазақстандық кейс» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жобасын іске асыру аясында орындалды.

#### Әдебиеттер

Васильчук Ю.В. Правовые основы экологического образования и воспитания // Вестник ТвГУ. Серия «Право». – 2017. – №1.

Дмитриев П.С., Лысакова Т.Н., Белецкая Н.П., Денисова Г.В. Концепция экологического образования Республики Казахстан, как основа решения стратегических и тактических задач природопользования // Вестник КГУ. – 2006. – №46.

Тюльпанов Ф.М. Правовые проблемы экологического права // Вестник Уральского института экономики, управления и права. – 2020. – №1(50). – <https://cyberleninka.ru/article/n/pravovye-problemy-ekologicheskogo-prava>

Gupta N. Environmental Awareness Policies and its Effectiveness: A Study of Ludhiana City (India). // Environment and Urbanization ASIA. – 2014. – №5(1). – Pp. 147-160. – <https://doi.org/10.1177/0975425314521547>

Савватеева О.А., Авдошкина Е.В., Горячева Я.А., Храпунова Е.М. Экологическое просвещение и воспитание детей младшего школьного возраста // Международный журнал экспериментального образования. – 2019. – №6. – С.32-36. – URL: <https://expeducation.ru/ru/article/view?id=11919>

Устьянцева О.В. Экологическое образование в системе экологического правопорядка // Гражданин и право. – 2010. – №9. – С. 42 -47.

